



## Жағымды жаңалық

Оқытушы, жас ғалым Тулегенова Бибигуль Нурлыбековна «Жас ғалым» тұрғын үй бағдарламасы бойынша үш бөлмелі пәтердің кілтін алып, қуанышқа бөленуде.

Білікті маман, Педагогика және психология білім беру бағдарламасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, жас ғалым Бибигуль Нурлыбековнаны М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры Нұрлан Хабибуллаұлы зор қуанышымен құттықтап, «Қоныс құтты болсын, іші жанға толсын» - деп ақ тілегін арнады.

«Бастапқы жарна 10%, жылдық мөлшерлеме 5%-ға тұрғын үй сатып алу мүмкіндігін беріп отырған Ғылым және жоғары білім министрлігіне, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры Нұрлан Хабибуллаұлы бастаған ректорат ұжымына отбасымның атынан шынайы алғысымды білдіремін. Менің ойымша, бұл жас ғалымдар үшін үлкен мотивация», - дейді ол.

Бибигуль Тулегенова ғылыми жоба аясында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің

ғалымдарымен бірлесіп «Кәсіби білім беруді цифрландыру жағдайында part-time оқыту» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасымен 2023 жылдың 1 желтоқсанынан бастап, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Отбасы банк» бірлесіп, «Жас ғалым» тұрғын үй бағдарламасын іске қосқан болатын. Аталмыш бағдарлама жас ғалымдарға мемлекет тарапынан жағдай жасала бастағанын аңғартады.





## Алаш идеясы – Тәуелсіздік идеясы

19 ақпан күні тарих, экономика және құқық факультетімен бірігіп Алаш қайраткері, ғалым, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, денсаулық саласының аса көрнекті өкілі Асылбек Жұманұлы Сеитовтің туғанына 130 жыл толуына арналған «Алаш идеясы – Тәуелсіздік идеясы» атты іс-шара өтті. Асылбек Жұманов – Алаш Орданың Ақмола облыстық комитеті басшыларының бірі болған, ұлт-азаттық қозғалысына үлкен үлес қосқан, Семей қаласында көп жылдар бойы денсаулық сақтау саласында қызмет еткен тұлға.



Іс-шараға магистр А.С.Губай, декан орынбасары С.М.Утешева, лаборант Б.Бейбітқызы, ғылыми кітапхананың оқырмандар сұранысын қамту бөлімінің меңгерушісі С.С.Нурғалиева, кітапханашы Г.Ш.Хибашева және ИСТ -31, ИСТ -33 топ студенттері қатысты.

Кеш барысында тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Б.С.Боранбаева,

Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты А.С.Байбулсинова көрермендерге Алаш қозғалысы және Алаш зиялылары туралы баяндады.

Кеш соңында кітапханашы Г.Ш.Хибашева «Алаш идеясы-тәуелсіздік идеясы» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

## СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің базасында қалалық полиция басқармасының қызметкерлері Орал БҚО ПД (subpolice) «Құқық» білім беру топтарының 3-4-курс студенттерінің орыс және қазақ топтарымен кездесті.

Кездесу барысында полиция қызметкері, майор А.С.Ихсанов студенттерге қазіргі уақытта қылмыстық істер аясында алаяқтық, алдау фактілері туралы жеткізді. Сондай-ақ, мұндай қылмыстардың алдын алу, аталған қылмыс түрі үшін жауапкершілік және ең бастысы, студенттер мен олардың туыстарының өздері қылмыскерлердің алаяқтық схемаларының құрбаны болмау туралы профилактикалық әңгімелер жүргізді. Қазақстан Республикасында алаяқтық әрекеттердің қолданыстағы схемалары бар бейне слайдтарды көрсетті және студенттерді қызықтырған сұрақтарға жауап берді.

Кездесуді «Құқық» білім беру бағдарламасының оқытушысы Т.И.Казиев ұйымдастырды.



## Психологиялық коучинг



Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің психолог маманы Н.Х.Курманғалиеваның «Тимбилдинг 1+1=5» тақырыбында психологиялық коучинг ұйымдастырылды.

Тренингке ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы, магистр А.С.Губай қатысты. Тренинг барысында үйлесімділікті талап етіп, және шығармашылықпен байланысты барлық нәрселер қамтылды. Тимбилдингте психологиялық әдістерге негізделген түрлі тренингтер, топтық ойын жаттығулары жүргізілді. Ойын жаттығуларына белсенділікпен қатысып, өздерінің әсерлерімен

1 ақпан күні М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультеті, педагогика және психология білім беру бағдарламасы Сп-41, Сп -31, Сп-31-1, Сп-21, ПиП-21 топ студенттерімен оқытушы магистр А.С.Жеңісова ашықдәріс өткізді. Мақсаты – тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихымен тығыз байланысты еліміздің сайлау жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері туралы жұртшылықты ақпараттандыру, сайлаушылардың электоралдық белсенділігін арттыру және жас сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға деген ұстанымын қалыптастыру.

## САЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Дәрісте лектор Дүниежүзі тарихы және әлеуметтік саяси пәндер БББ аға оқытушы Тұрар Төлегенұлы Шайхиев сайлаудың тарихымен, ерекшеліктері мен маңыздылығын түсіндірді.

Бұл күн 2005 жылы Будапештте (Венгрия) сайлауды ұйымдастырушылардың Бас конференциясында, сайлау органдарының кәсіби мерекесі ретінде бекітілген және Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Дүниежүзілік сайлау күні деп атап өтілетін болған. Дүниежүзілік сайлау күнін жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісінде атап өту дәстүрі Қазақстан Республикасы толыққанды мүшесі болып табылатын Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығының (ACEEO) бастамасымен басталды.

Тарих, экономика және құқық факультетінде 2005 жылы Будапештте өткен сайлауды ұйымдастырушылардың Бас конференциясы аясында құрылған және жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісінде аталып өтетін Дүниежүзілік сайлау күніне арналған жиын өтті.

## Дүниежүзілік сайлау күніне арналған жиын

Жиында бастап сөз сөйлеп, дөңгелек үстелдің жиналу тақырыбы мен мақсатын айқындап берген және спикерлермен таңыстырған Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы Г.И.Нестеренко болды. Дөңгелек үстелдің спикерлері: Қазақстан халық ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, саясаттанушы Т.Т.Шайхиев, құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі А.К.Нұржанова және Батыс Қазақстан облысының сайлау учаскесінің мүшесі М.К.Нигищева.

Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеудің бастамашысы Қазақстан Республикасы толыққанды мүшесі болып табылатын Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығы (ACEEO) болып табылады. Бұл күнді тойлау дәстүрі 2005 жылы Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығының (ACEEO) бастамасымен басталып, Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауына ие болды.

Дүниежүзілік сайлау күні жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісінде атап өтіледі, өйткені сайлау мәселелері бойынша көптеген халықаралық келісімдерге ақпан айының басында қол қойылған.

Дүниежүзілік сайлау күнін белгілеу арқылы ұйымдастырушылар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету және сайлау үдерістерін жетілдіру мәселесіне халықтың назарын аударуға тырысты. Бұл күннің мақсаты – халыққа демократиялық сайлаудың маңыздылығын еске түсіру және сайлаушылардың қатысуын арттыру, қоғам санасында демократияландыру үдерісінің қайтымсыздығын бекіту, халықты сайлау үдерісіндегі жетістіктер туралы хабардар ету, жас сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға деген ұмтылысты қалыптастыру. Сонымен қатар, сайлаудың пайда болу тарихы мен даму тарихына тоқталдық. Дөңгелек үстел отырысы студенттердің сұрақтарына жауап берумен аяқталды.

# Бағыт-бағдар берілді

Жол картасы аясында М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың педагогика факультетінің студенттеріне арналған семинар ұйымдастырылды.

«Заманауи сабақ тиімді және сапалы білім берудің негізі ретінде» тақырыбында өткен іс-шараға педагогикалық тәжірибеден өткелі отырған 4-курс студенттері қатысты.

Семинар жұмысына Оралдағы «Өрлеудің» педагогикалық және пәндік әдістер кафедрасының тренерлері Рысханым Қуанаева, Рауан Мулдағалиева, Бағдагүл Габбасова, Динара Жумағалиева, Сәнім Әбитова, Менжан Мырзабулатов және Орал қаласы N37 ЖОББМ-ның ағылшын тілі пәні мұғалімі Ақтоты Асанова жетекшілік етті. Семинар «Өткеншек» әдісімен ұйымдастырылды.

Мектептегі тәжірибе кезінде оқу процесін тиімді ұйымдастыру және жоспарлауда көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған шарада «Оқу пәндері бойынша SMART мақсаты мен сабақты жоспарлау кезеңдері», «Заманауи сабақтың белсенді әдіс-тәсілдері», «Саралап оқытудың өзектілігі мен мүмкіндіктері», «Критериалды бағалау ерекшеліктері, кері байланыс» тақырыптарында бағыт-бағдар берілді.

Студенттер қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру, белсенді әдістер, бағалау және саралау әдістерімен



танысты.

«Өрлеулік» тренерлердің жетекшілігімен өткен бір апталық іс-шара студенттерге педагогикалық практикадан сәтті өтуіне үлкен қолдау болды.

## Современный урок как основа

### эффективного и качественного образования

В рамках «Дорожной карты» сегодня был организован семинар на тему «Современный урок как основа эффективного и качественного образования» для студентов 4-курса педагогических образовательных программ ЗКУ им. М. Утемисова факультета история, экономика и право. Семинар по указанной теме проводится совместно с ЗКУ им. М. Утемисова.

Цель семинара: помочь студентам в эффективной организации и планировании учебного процесса во время школьной практики.

Семинар, собравший будущих специалистов, вела Гульдана Таскалиева, старший преподаватель кафедры профессионального образования «Өрлеу»-ЗКО.

Студенты поделились своими мыслями и получили содержательную информацию на мероприятии, которое включало темы «Цели SMART и этапы планирования урока по учебным предметам», «Активные методы современных уроков», «Актуальность и возможности дифференцированного обучения», «Особенности критериального обучения, оценка, обратная связь». Студенты были разделены на группы по теме, выполняли и защищали практические задания.



## Тәжірибелік жұмыстар жасады

Жол картасы аясында Оралдағы «Өрлеу» институты М.Өтемісов атындағы БҚУ-мен бірлескен «Заманауи сабақ тиімді және сапалы білім берудің негізі ретінде» тақырыбында семинар өткізді. Семинарға жаратылыстану-математика факультетінің 4-курс студенттері қатысты. Аталмыш семинар 29 қаңтар мен 2 ақпан аралығында өткізілді.

Студенттерге мектептегі тәжірибе кезінде оқу процесін тиімді ұйымдастыру мен жоспарлауда әдістемелік көмек көрсету мақсатын көздеген семинар жұмысына Кәсіби білім беру кафедрасының аға оқытушылары Гүлмаржан Өтеғұл мен Алина Абишева жетекшілік етуде.

Семинар барысында аға оқытушылар «Оқу пәндері бойынша SMART мақсаты мен сабақты жоспарлау кезеңдері», «Заманауи сабақтың белсенді әдіс-тәсілдері», «Саралап оқытудың өзектілігі мен мүмкіндіктері» тақырыбында бағыт-бағдар берді.

Семинарға қатысушы студенттер сабақтың SMART мақсаты, мақсатқа сай жоспарлау кезеңдерін құрастыру, сабақты жоспарлауда белсенді әдіс-тәсілдерді анықтау, оқушылардың қажеттіліктеріне сай тапсырмаларды саралау, критериалды бағалау ерекшеліктерін талдау жұмыстарын меңгеріп, тәжірибелік жұмыстар жасады.

Іс-шарада болашақ мамандарға заманауи білім берудің әдіс-тәсілдері туралы мәліметтер алуға жағдай жасалды. Меморандум аясында осындай іс-шаралар жыл бойы жалғасатын болады.



## БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ СЕМИНАРЫ ӨТТІ

«Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман» дегендей, бүгінгі жастар – ертеңгі кәсіби білікті, білімді маман, еліміздің байлығы, болашағы. «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығының «Батыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы Кәсіби білім беру кафедрасының аға оқытушы Таскалиева Гулдана Ерсайынқызы 6В01601-Тарих, 6В02201-Тарих білім беру бағдарламаларының 4-курс студенттеріне мектептегі тәжірибе кезінде оқу процесін тиімді ұйымдастыру мен жоспарлауда әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Заманауи сабақ тиімді және сапалы білім берудің негізі ретінде» тақырыбында біліктілікті арттыру негізінде семинар өткізді. Семинарға ҚР тарихы кафедрасы мен 7М01601-Тарих магистранттары қатысты.



Семинар барысында көптеген пайдалы ақпараттар айтылды. Студенттер мен магистранттар өз алғыстарын жеткізіп, осы мағлұматтарды алда тәжірибеде қолданатындықтарын жеткізді.

Для студентов 4 курса факультета культуры и искусства педагогических образовательных программ был организован семинар на тему «Современный урок как основа эффективного и качественного образования».

Цель семинара заключается в помощи студентам в эффективной организации и планировании учебного процесса во время школьной практики.

## Активные методы современных уроков



Семинар, направленный на помощь студентам, был проведен Саирой Сексенбаевой, старшим преподавателем кафедры профессионального образования «Өрлеу» - ЗКО.

В ходе семинара будущие специалисты ознакомились с темами «Цели SMART и этапы планирования занятий по учебным предметам», «Активные методы современных уроков», «Актуальность и возможности дифференцированного обучения», а также «Особенности критериального оценивания: обратная связь». Кроме того, на мероприятии приняли участие и поделились своим опытом преподаватель музыки школы-гимназии №42 «Ақниет» К. Молдағалиева и преподаватель художественного труда СОШ №36 имени М. Ыхсанова Ж. Толегенова.

Такие семинары очень важны для студентов, так как они помогают им подготовиться к будущей профессиональной деятельности и уверенно начать свою педагогическую карьеру. Данный семинар, несомненно, поможет будущим специалистам успешно пройти педагогическую практику.

# Ашық дәріс

М.Өтемісов атындағы БҚУ, педагогика факультеті, педагогика және психология білім беру бағдарламасы Сп-41, Сп -31, Сп-31-1, Сп-21, ПиП-21 топ студенттерімен оқытушы магистр А.С.Жеңісова ашық дәріс өткізді. Мақсаты – тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихымен тығыз байланысты еліміздің сайлау жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері туралы жұртшылықты ақпараттандыру, сайлаушылардың электоралдық бөлсенділігін арттыру және жас сайлаушылар арасында демократиялық құндылықтарға деген ұстанымын қалыптастыру.



(Венгрия) сайлауды ұйымдастырушылардың Бас конференциясында, сайлау органдарының кәсіби мерекесі ретінде бекітілген және Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Дүниежүзілік сайлау күні деп атап өтілетін болған.

Дүниежүзілік сайлау күні жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісінде атап өту дәстүрі Қазақстан Республикасы толыққанды мүшесі болып табылатын Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығының (АСЕЕО) бастамасымен басталды.

Дәрісте лектор Дүниежүзі тарихы және әлеуметтік саяси пәндер БББ аға оқытушысы Тұрар Төлегенұлы Шайхиев сайлаудың тарихымен, ерекшеліктері мен маңыздылығын түсіндірді.

Бұл күн 2005 жылы Будапештте

## ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ - ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің физика-математика факультетінде болашақ мұғалімдерге арналған облыстық әдістемелік шара өтті. Шараға жаратылыстану-география факультетінен (деканы Тұрғамбаев А.), мәдениет және өнер факультетінен (деканы Қажымова Қ.), филология факультетінен (деканы Ақболатов А.), физика, информатика мұғалімдерін даярлау білім бағдарламаларынан студенттер мен магистранттар, оқытушылар, педагогикалық қайта даярлау курсының тыңдаушылары (жетекшісі Телегисова Д.) мен университеттің әдістемелік жұмыстар мен білім беру технологиялары бөлімінің қызметкерлері қатысты.

Шараның мақсаты – болашақ практиканттарды бүгінгі күні мектептегі оқу үрдісін ұйымдастыруда өзекті саналатын Интернет платформаларын пайдалануға үйрету. Шараны п.ғ.к., доцент А.Б.Медешова кіріспе сөзбен ашып, шараның практикалық зерттеу түрінде өтетінін атап көрсетті. Алдымен қатысушылардың қандай платформаны білетіні Padlet ортасында анықталды. 6 топқа бөлінген қатысушыларды әр топта үйретуші модераторлар қарсылап, практикалық жұмысқа кірісті. Модераторлар рөлін мектептегі информатика мұғалімдері атқарды. Fliprity, Joyteka, Class-time, Educaplay, Plickers, AR технологиясымен электрондық кітап жасақтау платформалары қарастырылды. Эртоптың қатысушылары алдымен үйреніп, содан кейін өз білім бағдарламасына сәйкес мазмұнда үйретілген платформаны қолдану тапсырмасы берілді. Эр топтың қатысушылары өздері даярлаған өнімді көпшілікке баяндап, демонстрациялады. Бұдан кейін Padlet арқылы қатысушылармен кері байланыс оздырылды.

Шара соңында әр қатысушы өз әдістемелік қоржынын жаңа цифрлық



ресурс жасауға мүмкіндік беретін Интернет платформаларымен

толықтырғандарын, біліп, үйренгеніне риза екендерін білдірді. Тіпті “Білім

Шараның мақсаты – информатика пәні бойынша оқушыларды ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын сапалы жүргізуде қиындық туғызатын есептерді талдау.

Семинарға университеттің оқытушы-профессорлық құрамы дәстүрлі форматта және Батыс Қазақстан облыстық және Орал қалалық мектептердің 40-қа жуық информатика мұғалімдері қашықтан ZOOM арқылы онлайн режимде қатысты.

Шараның мақсатына сәйкес А.Б.Медешова информатика пәнінің ҰБТ-ға енгізілуінің маңыздылығына тоқталып, қазіргі күнгі өзекті проблема болып отырған пәндік есептерді талдау қажеттілігіне баса көңіл аударды. Бұған мектеп мұғалімдері де, университет оқытушылары да қызығушылық танытты.

ҰБТ-2024 ережесі таныстырылып, пәндік, мазмұндық құрылым баяндалғаннан кейін қатысушыларға қиындық тудырып отырған тақырыптар айқындалды.

Олар компьютерлік ойлау, HTML тілі, MY SQL бөлімдері екені белгілі

## Информатика пәнінен ҰБТ-ға дайындау жолдары

Ұлттық бірыңғай тестілеу тақырыбы педагогтар үшін қашан да өзекті. Білім сапасының басты көрсеткіші саналатын бұл сынақ бойынша мұғалімдердің де кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру маңызды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде п.ғ.к., доцент А.Б.Медешованың басшылығымен «7M01535-Информатика» білім бағдарламасының магистранттары облыстық масштабта оқу-практикалық вебинар/семинар ұйымдастырды.

болғаннан кейін осы тақырыптар бойынша есептер талқыланып, әр тақырыпқа сәйкес теориялық негіздеме берілді. Қарастырылған есептер ҰБТ-ға дайындық ретінде ұсынылатын нұсқалары мен былтырғы оқу жылында талапкерлер тапсырған емтихан сұрақтарынан алынды. Есептердің қай оқулықтан алынғандығы туралы ақпарат көрсетілді. Бұл

қатысушыларға ұнады. Өйткені, дәлелді берілген ақпарат әрқашан құнды. Сондай-ақ, есептердің жауаптарын табуға қажетті теориялық материал қысқа, тұжырымды ұсынылып, шығару жолдары көрсетілді. Сонымен қатар, қатысушылармен ҰБТ-ға дайындауға арналған оқу құралдары талқыланды. Талқылауда А.Маужигитова, Г.Жакиева, А.Мергенбаева өз тәжірибелерін

## Кураторлық сағат өтті

Ақпан айының 2-жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінде БГ-11 топ студенттері және топ кураторы аға оқытушы Кажмуратова Жаннат Санкибаевнаның ұйымдастыруымен “Көргенімнен түйгенім немесе мәдениеттілік деген не?” тақырыбында кураторлық сағат өткізілді.

Қазіргі таңда жастардың сауатты, білімді болуымен қатар қоғамда мәдениетті болуын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған кураторлық сағат студенттерге үлкен ой салды. Мәдениеттіліктің басты қағидасы қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауы, басқа адамдармен қарым-қатынасы, киім кию мен сөйлеу мәдениеті екенін естен шығармау керектігі, рухани тәрбиенің отбасында қаланатындығы студенттер даярлаған бейнероликтермен көрсетілді. Шара барысында өз ойларын ортаға салып, мәдениетті болу рухани байлық екенін талдаған студенттер «Бір үйдің баласындай» әнімен аяқтай отырып, алдағы студенттік өмірлерін қызықты, қайталанбас шақ етіп өткізу керектігін түсінді.

берудегі цифрлық технология” курсына сұраныс та түсті. Шындығында болашақ педагогтар цифрлық технологияны білетін болса, оқушының оқуға құштарлығын арттыра, өз сабақтарын тартымды өткізіп, сабақ уақытын үнемдей алар еді. Бұл студенттердің байқаған, кәсіби құзыреттілік тұрғысынан сұранып тұрған мәселе екені айқын көрінді. Шараны қорытындылағаннан кейін қатысушылар әдеттегідей кетуге асықпай, тағы жалғаса түссе екен дегендей орындарынан жәй қозғалды. Бұл шара “студент-магистрант-мұғалім-оқытушы” байланысы арқылы жүзеге асырылды. Мұндай “Мектеп-ЖОО” арасындағы өзара тұйықталған шеңбердегі “диалогтық” қарым-қатынастың тиімді екені технологиялық тұрғыдан байқалды. Шараны ұйымдастырушылар алдағы аптадан бастап педагогикалық сарамаға шығатын білім алушылардың кәдесіне жарайды деп сенеді. Сонымен қатар, жоғарыда аты-жөні келтірілген бөлім басшылары мен мектеп мұғалімдеріне қолдау көрсеткені үшін алғысым шексіз. “Білетінім бір тоғыз, білмейтінім тоқсан тоғыз” дейтін ақпараттың толассыз көбеюі кезеңінде өмір сүріп жатырғандықтан, білгенімізбен бөлісіп, болашақтың педагогтарын заман талабына сай біліммен қаруландыра білген абзал.

ортаға салып, белсенділік танытты.

Шара соңында кері байланыс оздырылып, қатысушылардың ой-пікірлері тыңдалды. Облыстық дарынды балаларға арналған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының информатика мұғалімі Л.Иманғалиева, №42 мектептің информатика мұғалімі Д.Құрмашева, информатика мұғалімдерін және IT мамандарын даярлау білім бағдарламасының оқытушысы Г.Дошева, магистрант Д.Кубаева өз пікірлерімен бөлісті. Ж.Исмагулова оқушыларды ҰБТ-ға дайындау барысында психологиялық тренингтер өткізген жөн деген ойын айтып, тәжірибесін практикалық тұрғыдан демонстрациялады.

Қорытындылау бөлімінде А.Б.Медешова шара барысында тыңдаушы рөлінен белсенді қатысушы рөліне енген информатика мұғалімдеріне сәттілік тілей отырып, олардың мұндай талқылауларды жүйелі ұйымдастыру туралы ұсынысына қатысты пікірін білдірді.

# Ауғанның асуында от кешкендер

М.Өтемісов атындағы БҚУ-да «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Батыс Қазақстан облыстық ұйымы» ҚБ ұйымдастыруымен Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай білім саласында қызмет жасайтын Ауған соғысының ардагерлерімен жүздесу шарасы жоғары деңгейде өтті.

Кездесуде алдымен ҚР Әнұраны орындалып, аталмыш ұйымның төрағасы Марат Оразалыұлына сөз берілді.

Ауған соғысы 1979 жылдың 25 желтоқсанында басталып, 1989 жылдың 15 ақпанында аяқталды. 9 жыл 10 айға созылған бұл соғыс мыңдаған адамның өмірін өзгертіп, қаншама қайғы-қасірет әкелгені баршаға аян.

-Сіздердің ерліктеріңізге бас иіп, азаматтық борыштарыңызды адал атқарып, қажырлы күш-қайраттарыңызға және білім саласындағы еңбектеріңізге ілтипат білдіре отырып, еңбектеріңіздің береке мен табысқа толып, дендеріңіз сау болуын тілейміз, - деп ақ тілегін білдірді Марат Даупаев.

Осындай ауыр аманатты арқалап өмір мен өлім

белдескен қанды шайқасқа қатысып батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз біздің ортамызда отыр. Олар: Олег Пимонов, Николай Бойков, Мұхтар Есболатов, Юрий Мамин, Бауыржан Сүлейменов, Мырзақелді Тілеулиев, Ерболат Жұманғалиев, Александр Адайғужиев, Игорь Горностаев, Серікбай Айтқалиев, Амангелді Зейінов, Нұғман Мырзағалиев, Садық Тілегенов, Бекежан Темірболатов, Есенжан Сисенов, Талғат Молдағалиев, Сарман Қарабалин, Қуанғали Сейіткалиев, Жарқын Борашов, Темірбек Ғұбашев, Мұрат Айдарханов, Жанболат Матышев, Қазі Төлегенов сынды батырларымыз. Бұл шараға БҚО-ның кәсіподақтар орталығының төрайымы Айгүл Оразқызы, Орал қаласы білім беру бөлімінің басшысы Ақжарқын Мұтиғоллақызы, М.Өтемісов атындағы БҚУ тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі-проректор Мерген Сүлейменов, Ақжайық ауданы білім саласының ардагері Дәулетжан Жақсыбаев, Қаратөбе аудандық білім бөлімінің басшысы Берікжан Ғарапшаұлы, Ақжайық аудандық білім бөлімінің басшысы Ерболат Мұратқалиұлы, М.Өтемісов атындағы БҚУ бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Салауат Абайұлы мен студенттер қатысты.

Кездесуде Айгүл Есекенова, Ақжарқын Темірханова, ардагер ұстаз Дәулетжан Абдрахманұлына сөз тізгіні беріліп, ерлік пен батылдық турасында кеңінен айтып, ескеңең ұрпаққа насихат беруге шақырса, облыстық Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері қоғамының құрметті төрағасы, Ауған соғысының ардагері Олег Пимонов пен Оқу-өндіріс комбинатының директоры, Ауған соғысының ардагері, «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері Мұхтар Жоламанов майдандас достарын еске алып, ерліктерін жиналғандарға паш етіп, достарымен кездестірген, шараны өткізуге атсалысқан жандарға алғыстарын жеткізді.

Кездесуде әсем әндер айтып, ардагерлерге ақшалай және бағалы сыйлықтар беріліп, естелік суретке түсіп, жақсы көңіл-күймен тарқасты.



## Ел ертеңі – жастар

Бүгінгі жас - ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы - жастардың еншісінде. Осы орайда факультетіміздің мәдени-тынығу жұмысы БББ 1,2,3-курс студенттерінің қатысуымен, «Жас қыран» балалар аула клубының ұйымдастыруымен «Ел ертеңі - жастар» атты дөңгелек үстел отырысы өтті. Дөңгелек үстел мақсаты - жастарға тәлім-тәрбие беріп, жас ұрпақты еңбек пен Отан сүйгіштікке баулу.

Іс шара барысында жастар арасындағы өзекті мәселелер, студенттік өмірдің қиындығы мен қызығын және тағы басқа көптеген ой-пікірлерімен бөлісіп, ойларын ортаға салып, еркін тақырыпта әңгіме өрбітті. Сонымен қатар, шара барысында студенттер «Бірақ мен...» тренингтік жаттығуын

орындап, өздерінің жақсы қасиеттерімен бөлісті.

Шара соңында жастар осындай өнегелі істерге бастамашы болған ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, алдағы уақытта да игі істердің басы-қасынан табылатындықтарын жеткізді.

## Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы



Филология факультетінің ИЯ-37 тобында топ жетекшісі А.Е.Габдешевамен «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» атты іс-шара өткізілді. Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық мемлекетінің нығайтып, көркеюі жолында жан-тәріңді аянбай жүріп еңбек ет.

Жобаның мақсаты – студенттерді ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар – біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру. Абай: «Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек», - дейді. Бұл әлемдік даму жолын түсінуге мүмкіндік береді. Біз үшін жасанды, виртуалды, әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бірегейлігімізді және рухани ерекшелігімізді сақтап қалу аса маңызға ие. Қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі «Асық ойынын» ойнады. Асық ойнап өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зеректеу, табандырақ, шыдамды болып келеді. Студенттердің бойына ұлттық сана-сезімдерін қалыптастыру, ұлттық рухани құндылығымызды сақтап қалу әр азаматтың парызы мен міндеті.

Шара естелік суретке түсумен қорытындылады.

Биыл Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай Орал қалалық кітапханалар жүйесінің №4 кітапхана-филиалының ұйымдастыруымен «Ауғанның отты жалыны» атты ауған ардагерлерімен кездесу өтті.

## АУҒАНСТАН - ЖҮРЕКТЕГІ ЖАРА



М.Өтемісов атындағы БҚУ, педагогика факультеті студенттерінің қатысуымен өткен шараның мақсаты - ауған оқиғасының тарихи мағынасын ашу, ардагер ағалармен сұхбаттасу; Патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету; жастарға патриоттық тәрбие беру. Алдымен ауған соғысының тарихынан сыр шертетін бейнебаян көрсетілді. Батырлық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен жерлес, жауынгер-интернационалист Рахметов Нұрболат, Ғұмаров Қайрат ағаларымыз студенттерге ауған соғысы туралы, сол сұрапыл соғыстағы өздері көріп білген қиындықтармен зұлматтар жайлы айта отырып, студенттерді бейбіт күннің парқын біліп, қастерлеуге шақырды. Шара барысында Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледж студенттері ардагерлерге сауалдар жолдап, өлеңдер оқып, ән арнап белсенділік танытты.

Шара соңында «Ауғанның отты жылдары» кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды.

# Қазақ әдебиетінің АҚСҰҢҚАРЫ

Қазақ әдебиетінің негізін салушы, ақын, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл толуына орай ғылыми кітапхананың мәдениет және өнер оқу залында Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы БББ оқытушыларының ұйымдастыруымен «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атты әдеби шара өткізілді. Бұл кештің мақсаты – оқырмандарға жалындаған жас ғұмырын еліне, халқының болашағына арнап, қазақ халқының күйінің тұмшалаған қараңғылығына налып, білімді, сауатты, жан-жақты оқыған, жаңашыл қоғамның өмірін аңсап, армандап кеткен дара ақын І.Жансүгіровтың шығармаларын насихаттау.



Кешке педагогика мамандығының студенттері және оқытушылар қатысты. Әдеби кешті ПИМНО-у23 студенттері А.Гумарова, І.Дағыстанова жүргізді. Кеш қарсаңында І.Жансүгіровтың өмір жолы туралы бейнежазба көрсетілді. Студенттер ақынның Т.Қосаев «Ағынды менің Ақсуым», К.Амреева «Өзіме», Н.Нұрмуханова «Күйге», П.Тукес «Арыным», Р.Батаева «Бұлақ бойында» өлеңдерін мәнерлеп оқыса, Абаева Жақұт «Туған жер» әні және Хожамбетов Мирас Дәулеткерейдің күйі «Көрұғылыны» орындап, одан әрі кешіміздің ажарын аша түсті. Сонымен қатар, 1-курс студенттері ақынның өмір жолы мен шығармашылығынан стендпен таныстырды. Кітапханашы Г.Ш.Айташова

«Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атты кітап көрмесімен таныстырды. Кеш барысында оқытушылар Г.С.Мухиева, Б.Е.Ерболат, А.Ж.Кенжеғалиева І.Жансүгіровтың қазақ поэзиясының өсіп, гүлденіп, жаңа сапаға жетуіне орасан зор еңбек етіп, жас ұрпаққа терең ойға толы алуан өлеңдер үлгісін қалдырғандығын айтып өтті.

Ғылыми кітапхананың оқырмандарды қамту бөлімінің меңгерушісі Садап Сүйесінқызы алып қасиетті Жетісу өңірінің топырағынан жаралған данышпан ақын атамздың шыншылдық пен ерлікке толы шығармалары жоғары бағаланып, ол өзінің оқырмандарын, мақтаныш етер ұрпағын тапты деп қорытындылады.

Педагогика мәдениет және өнер оқу залында Шәкен Аймановтың 110 жылдығына арналған «Кино-өмір айнасы» тақырыбында мәдени-танымдық іс шара өткізілді. Шараның мақсаты – оқырмандарға қазақтың сахна өнері мен кино өнерінің қалыптасып, шыңдалуына айрықша ықпал еткен, өшпес із қалдырған дара дарын иесі Шәкен Айманов туралы түсінік беру.

«Қазақ киносының атасы» Шәкен Аймановтың өмірі мен шығармашылығына арналған шара «Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы» БББ аға оқытушысы, магистр Маденова Лаззат Мутиголлиевнаның университетіміздің әртүрлі БББ студенттерімен ұйымдастырылды.



## Кино - өмір айнасы

Кешті «Шет тілі: екі шет тілі» БББ студенттері Маулетова Айнұр мен Лұқпанова Ақұштап жалғастырып, студенттерден құралған кеште режиссердің өмірбаяны, актерлік өнері мен Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген фильмдерге тоқталды. Мәдени-танымдық шарада режиссердің фильмдерінен үзінді алынып, бейнеролик көрсетілді. Педагогика мәдениет және өнер оқу залының кітапханашысы Гүлшира Шәденқызы «Шәкен Айманов – қазақ киносының саңлағы» атты көрмемен таныстырды. Шара «Музыкалық білім» БББ студенттері Әубақир Тоқтар мен Таспай Әнуардың орындауында «Ерке сылқым» күйімен ашылды. «Дене шынықтыру және спорт» БББ студенті Жалмуханбетов Ұлан мен «Тарих» БББ студенті Құрбанбай Жанболат «Алдар көсе» фильмінен көрініс қойды, «Тарих» БББ студенті Урманова Сымбат «Қыз жібек» операсынан «Шегенің ариясын» орындады. «Тарих» БББ студенті Имашев Мейіржан «Мереке» күйімен шараның сәнін келтіріп, қатысушы қонақтар студенттердің өнерін тамашалады. Оқырмандарды қамту бөлімінің меңгерушісі Нургалиева Садап Сүйесінқызы шара туралы өзінің пікірін айтып, студенттерге алғысын білдірді. Шара өз мақсатына жетті.



## ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ - ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ

Мәдениет және өнер оқу залында Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін, сән және дизайн мамандарын дайындау БББ оқытушыларымен бірігіп суретші, қазақтың тұңғыш профессионал живописшісі Әбілхан Қастеевтің 120 жыл толуына орай «Қазақтың қылқалам шебері-Әбілхан Қастеев» атты іс-шара өткізілді. Басты мақсат – суретші Ә.Қастеевтің өмірбаяны, өнер және шығармашылық жолы туралы мәлімет беру, таныстыру.



Кешке мектептегі көркем еңбек және дизайн, педагогика мамандықтарының студенттері және филос.ғ.к.аға оқытушы Н.С.Тілеуханов, аға оқытушы Т.Ә.Хамзин, аға оқытушы, ҚСО мүшесі М.Т.Отаров, оқытушы магистр А.Ж.Дүйсенбаев қатынасты.

Суретшінің шығармашылығы жөнінде бейнеролик көрсетіліп, студенттер «Қылқалам», «Ақпарақ», «Кескіндеме» атты топтарға бөлініп суретшінің шығармасынан көшірме орындап және алған тақырыбы бойынша оқырманға таныстырды. Үздік деп танылған 3 студенттің жұмысына аға оқытушы, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі Отаров Мэлс Тасқалиұлы арнайы тоқталып, марапаттады. Олар: Дизи – 21 тобының студенті Аманжан Лилия, Мидк -11/1 тобының студенті Хуспанова Ясмينا, ХТидШ -21 тобының студенті Садирова Гүлдана. Шарада қатысушы студенттерді белсенділік танытқаны үшін ғылыми кітапхана директоры Т.Е.Алимбекерованың атынан алғыс хаттармен оқырмандарды қамту бөлімінің меңгерушісі С.С.Нургалиева марапаттады. Студенттердің салған суреттеріне оқытушылар өз пікірлерін білдірді. Кітапханашы Гүлшира Шәденқызы «Қазақтың қылқалам шебері-Әбілхан Қастеев» атты кітап көрмесіне шолу жасап, аға оқытушы Т.А.Хамзин шараның маңыздылығына тоқтала өтіп, студент жас суретшілерге ақыл-кеңесін айтып өтті. Шара өз мақсатына жетті.

## МҰҚАҒАЛИ - ПОЭЗИЯ АЛЫБЫ

Алтын Орда мәдениет үйі жанынан Орал қалалық №8 кітапханасы филиалы мен Педагогика факультеті Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ 2-курс студенттерімен бірлесіп «Мұқағали - поэзия алыбы» атты әдеби кеш озыдырылды.

Мақсаты - Мұқағали ақынның сыршыл өлеңдерін таныту. Білім алушыларды поэзияны сүйге баулу, ұлттық сананы қалыптастыру.

Танымдық шараға БОПӨ-21 студенттері, топ кураторы Г.Б.Мусағалиева және Орал қалалық кітапханасының кітапханашылары, мәдениет үйінің өнерпаздары қатысты. Шарада ақынның поэзияларына саяхат жасап, өлеңдері оқылып, өндер шырқалды.

Кешке қатысқан әрбір студент рухани танымын кеңейтіп, керемет әсер алды.

## «Батыс Қазақстан жыландары» атты еңбектің таныстырылымы өтті

14 ақпан халықаралық кітап сыйлау күніне орай университетіміздің ғылыми кітапханасында ҚР ҒЖБМ-ің Ғылым Комитетінің АР 19675960 «Батыс Қазақстандағы жыландардың таралуы, генетикалық әртүрлілігі және сақталуы» ғылыми жобасы бойынша дайындалған профессор Ахмеденов Қажымұрат Мақсұтұлының «Батыс Қазақстан жыландары» атты еңбегінің таныстырылымы өтті.

Таныстырылымға Ж.Молдағалиев атындағы Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірім кітапханасының басшылары және университетіміздің жаратылыстану-география факультетінің профессор-оқытушылар құрамы мен магистранттар, студенттер қатысты.

Кеш барысында жаратылыстану-география факультетінің аға оқытушысы Қ.Б.Булатова және география ғылымдарының кандидаты С.К.Рамазанов алғы сөз алып, табиғатта жыландардың маңыздылығы, олардың морфологиялық ерекшеліктері туралы баяндап, авторды жаңа еңбегімен шын жүректен құттықтады.

Профессор К.М.Ахмеденов оқырмандарды екі тілде дайындалған еңбегінің мазмұнымен таныстырып, ҚР ҒЖБМ-ің Ғылым Комитетінің АР 19675960 «Батыс Қазақстандағы жыландардың таралуы, генетикалық әртүрлілігі және сақталуы» ғылыми жобасы аясында [westkazSnakes.kz](http://westkazSnakes.kz) арнайы сайт жасақталғанын айтты. Ол сайтта жыландар туралы мақалалар жинағы, буклеттер, кітапша көре аласыздар.

«Батыс Қазақстан жыландары» деп аталатын екі тілді еңбек Батыс Қазақстанда, атап айтсақ, Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында мекендейтін жыландардың 12 түрі, қауіпті және қауіпсіз жыландар, олардан сақтану жолдары, улы және улы емес жылан түрлері, олардың діни және мәдени маңыздылығы туралы баяндайды.

Кеш соңында Халықаралық кітап сыйлау күніне



орай автор өз еңбегін қарашаңырағымыздың ғылыми кітапханасына, Ж.Молдағалиев атындағы облыстық орталық әмбебап ғылыми кітапхана мен Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірім кітапханалар қорына, көрермендерге сыйға тартты.



## Мен оқыған бір кітап

13 ақпан күні ғылыми кітапхана қабырғасында Халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Мен оқыған бір кітап» атты жаратылыстану-география факультетінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел оздырылды.



Шараға «Биология және география» БББ 1-курс студенттері Шаймардан Бекзат, Ержігіт Алдияр, «Химия және биология» БББ студенті Сайлауова Диана, «Химия» БББ 1-курс студенттері Құрметов Данияр, Малқара Дилыра, «География» БББ студенті Зайниева Фариза, өздері оқыған кітаптары туралы қысқаша мазмұнын баяндап берді.

Кеш барысында қызықты сұрақтардан ойын ұйымдастырылып, «Химия және биология» БББ студенттері Манарбек Нұртілеу мен Сайлауова Диана көрермендерге ән мен күйден әдемі көңіл-күй сыйлады.

Халықаралық кітап сыйлау күніне орай Ғылыми кітапханамыздың «Кітапты сүйіспеншілікпен сыйла» атты акциясы аясында «Химия» БББ 1-курс студенті Құрметов Данияр кітапхана қорына Дэниел Киздің «Цветы для

Элджернона» атты кітабын сыйға тартты.

В.В.Иванов атындағы атаулы шәкіртақы иегері, «Биология-география» БББ студенті Акберлиева Амина қатысушыларды өзінің атынан «Шешендік сөздер» атты кітапты сыйға берді.

Кеш соңында ғылыми кітапхана директоры Т.Е.Алимбекерова сөз алып, жалынды жастарды тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше екендігі туралы айтты. Жаратылыстану-география факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары К.С.Удреева іс-шараны қорытындылап, студенттерге халықаралық кітап сыйлау мерекесінің маңыздылығын насихаттады. Кеш барысы өте әсерлі, қызықты өтті. Студенттердің кітап оқуға деген қызығушылықтары жоғары.

## КІТАПТЫ сүйіспеншілікпен сыйла

14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күніне орай ұйымдастырылған «Кітапты сүйіспеншілікпен сыйла» атты акциясы аясында университетіміздің ғылыми кітапханасына тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Альфия Байбулсинова өз еңбектерін сыйға тартты.



«Қазақстан қалаларының тарихы» деп аталатын оқу құралында қазақ даласындағы көне қалалардан бастап күні бүгінге дейінгі Қазақстан Республикасының астанасы болған қалалар мен өзге қалалары туралы жан-жақты мағлұматтар қарастырылған.

«Бөкей ордасы» атты монография еліміздің батыс аумағында маңызды өрі өзіндік орны бар Бөкей Ордасының құрылған уақытынан бүгінге дейінгі тарихы жан-жақты баяндалған. Еңбекте автордың ұзақ жылдық ғылыми ізденіс жұмыстарының нәтижесі және Бөкей Ордасынан шыққан тарихи тұлғалар туралы зерттеулерінен жинақталған.

Үшінші ағылшын тілінде жарық көрген «History of Medieval Kazakhstan» - Қазақстанның орта ғасырлар тарихы деп аталады. Оқулықта XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы кезеңінен Қазақ хандығының соңғы кезеңінің соңы мен XVIII ғасырдың басына дейінгі Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен ғылыми зерттеулері туралы деректер қамтылған. Саяси тарих Қазақ мемлекетінің халықаралық қатынастарын Қазақ хандығының хандары басқарғандығы және олардың өз елінің мүддесі үшін атқаратын мемлекеттік қызметтері туралы. Оқулықта Қазақ хандығының этникалық тобының қалыптасу проблемалары, қазақ этнонимінің мәселелері, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуы, ортағасырлық мәдениеті сипатталған.

Бұл оқу құралдары мен монография жоғары оқу орындарының тарих мамандығы бакалавр студенттеріне, магистранттар мен орта мектептің тарихшы мұғалімдеріне және тарихқа қызығушы көпшілік қауымға арналған.

Кітапхана қоржыны тағы бір көркем әдеби кітапқа толықтырылды. Дэниел Киздің «Цветы для Элджернона». Это единственная история в жанре научной фантастики, автор которой был дважды награжден сначала за рассказ, а потом за роман с одним и тем же названием, героем, сюжетом. Тридцатитрехлетний Чарли Гордон - умственно отсталый. При этом у него есть работа, друзья и желание учиться. Он соглашается принять участие в опасном научном эксперименте в надежде стать умным... Эта фантастическая история обладает поразительной психологической силой и заставляет задуматься над общечеловеческими вопросами нравственности: имеем ли мы право ставить друг над другом эксперименты, к каким результатам это может привести. Бұл көркем әдебиетті университетіміздің «Химия» БББ 1-курс студенті Құрметов Данияр сыйлаған болатын.

Мүтиев З.Ж. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): хрестоматия. 3-кітап

Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде): хрестоматия. 1-кітап.





# Мерейтой иесінің мерейлі сәті

20 ақпан күні университетіміздің ардагер ұстазы, Мәскеу ғылыми мектебінің түлегі, өңірімізге білікті мамандарды даярлауда өзіндік үлкен үлес қосқан педагог, география ғылымдарының кандидаты, доцент Терещенко Татьяна Александровна мерейлі 70 жасқа толды. Осыған орай, университет басшысы, ректор Нұрлан Серғалиев мерейтой иесін арнайы қабылдап, құттықтау лебізін білдірді.

Т.А.Терещенко 1977 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін жолдама бойынша А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетінің география кафедрасына жұмысқа орналасады.

1980 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің СССР экономикалық география кафедрасы жанынан аспирантураға түседі.

1984 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің арнайы ғылыми кеңесінде «Экономико-географические аспекты формирования кадров в промышленности Южного Казахстана» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. 1985 жылдың сәуірінде СССР-дің ЖАК шешімімен география ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. 1994 жылы ҚР-ның ЖАК шешімімен доцент ғылыми атағы берілді.

География кафедрасында жұмыс жасаған уақытында өзін оқу, ғылым және қоғамдық жұмыстарды белсенді жүргізетін жоғары білікті оқытушы ретінде көрсетті. 2003-2005 жылдар аралығында география кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Т.А.Терещенко «Аудандық жоспарлау», «Геоурбанистика», «Қоршаған ортаның физикасы», «Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияға кіріспе», «Әлеуметтік-экономикалық картография» секілді жаңа оқу пәндерін дайындады. М.Н.Сдыков, А.В.Голубев және Д.Ж.Искалиевтермен бірге жазылған «Социально-демографический атлас ЗКО» (электрондық ресурс) атты кітабы Тұрғындар географиясы және Өлкетану пәндерінен оқу процесінде қолданылып жүр. Дәрістерін презентациялар қолданып өткізеді.

Т.А.Терещенко оқу үрдісіне оқытудың инновациялық

технологияларын белсенді енгізіп жүр. 2015 жылы жаратылыстану-география факультетінде оқытушылар арасында оздырылған инновациялық жобалар байқауына қатысып бірінші орынды иеленді.

Т.А.Терещенконың «Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы», «Қазақстанның физикалық географиясы пәнінен жұмыс дәптері», «Батыс Қазақстан облысының тұрғындар географиясы» сынды көптеген оқу-әдістемелік құралдары оқу үрдісінде кеңінен қолданылып жүр.

Университетте қызмет еткен жылдарында халықаралық, қазақстандық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда ғылыми мақалалармен қатысып отырады. Барлығы 87 ғылыми жұмыс жарияланған.

Татьяна Александровна көптеген магистрлік, дипломдық жұмыстардың жетекшісі. Ол халықаралық, республикалық және ішкі жоғары оқу орынының, олимпиадалардың және республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының жеңімпаз студенттерін дайындады. 2014 жылы Т.А.Терещенконың жетекшілігімен «Зеленая экономика: проблемы и перспективы использования» тақырыбында Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ және Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері арасында ұйымдастырылған халықаралық турнирдің ұйымдастырушысы.

Т.А.Терещенко облыс және қаланың педагогикалық ұжымдарымен тығыз жұмыс жасайды. Ол «Мектеп-ЖОО-Мектеп» бағдарламасын енгізу аясында шеберлік сағаты, семинар, конференция, ғылыми жобалар байқауына, облыстық педагогикалық конференцияларға қатысады.

Жаратылыстану-география факультетінде оздырылатын «Менің өмірімдегі география» атты облыстық



ғылыми жобалар байқауының ұйымдастырушысы. Татьяна Александровна ұзақ жылдар бойы топ кураторы.

Т.А.Терещенко 2012-2013 жылдары Саратов облысының миграциялық саясаты Концепциясын дайындауға және П.А.Столыпин атындағы Поволье басқару институты жанында құрылған Евразия желілік зерттеу орталығына эксперт ретінде қатысты.

Т.А.Терещенко ұзақ жылдар бойы БҚУ-дың Ғылыми Кеңесінің мүшесі, жаратылыстану-география факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы болды. Қазіргі уақытта БҚУ-дың Ғылыми Кеңесінің мүшесі, Қазақстан халықтар Ассамблеясының жалпы кафедрасының мүшесі, БҚУ-дың байқау комиссиясының мүшесі. 2012 жылдан бастап «Қазақстанның ЖОО мен мектептеріндегі география» атты республикалық журналының редакциялық алқасының мүшесі.

2015 жылы Герцен атындағы РМПУ-де біліктілікті арттыру курсынан өтті.

2014 жылы жоғары білім беру жүйесіндегі табысты еңбегі үшін «БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ» төсбелгісімен марапатталды. 2014 жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» байқауына қатысып жеңімпаз атанды.

Құрметті Татьяна Александровна, сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз.

## ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК - ЖЕМІСТІ ЗЕЙНЕТ



Мәдениет майталманы бүгінде зейнет жасына жетіп отыр. Талай жыл елеулі еңбек еткен ұстазды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры Нұрлан Серғалиев арнайы қабылдап, шапан жапты. Мерейтой иесіне ақ тілегін арнап, ізгі ниетін білдіріп, құттықтау хатын табыс етті. Одан әрі әріптестері мен замандастары да Қайыржан Ғайсағалиұлын мерейтойымен құттықтап, жылы лебіз-тілектерін айтты.

1961 жылы 5 ақпанда Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданы, Жосалы совхозында дүниеге келген Қайыржан Ғайсағалиұлы ауылдық орта мектепті аяқтап, кейін әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтеп, 1982 жылы туған жерге оралады. Мәдениет саласындағы алғашқы қызметін 1985 жылы ақпан айында Жосалы совхозында клуб меңгерушісі қызметінен бастады. Өз өлкесіне елеулі еңбек қылып, жас буынға мәдени көркемділікті сыйлаған Қайыржан Ғайсағалиұлы білімді шыңдау мақсатында 1987 жылы Өл-Фараби атындағы Шымкент мәдени-ағарту институтына оқуға қабылданып, 1991 жылы Қазақ ұлт-аспаптар оркестрі мамандығы дирижері деген атақ алып, үздік белсенділікпен оқуды аяқтайды. Мәдениет пен өнердің шыңдалып, дамуы

Тарихы мен мәдениеті бір-бірімен ұштасқан қазақ халқы сан ғасырдан бері өзінің ұлттық өнерін көкке көтеріп, ұрпақ санасында сол күйінде қалыптасуына зор еңбек етіп келеді. Әр адамның өзінің бойына ерекше біткен таланты болады. Соның бірі – өнер. «Өнер – адамның рухани азығы, ол халықтың бүгінгі мен келешегі, арманы мен қиялы, жалпы болмысы». Шын дарын өнер жолында өз орнын таба алады. Адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Осы сәтті өнегелі өмір соқпағында ұлттық дәстүрлерді үкілеп келетін мәдениет пен өнердің ізгі көші бола білген жан - Қайыржан Ғайсағалиұлы.



жолындағы басты қадам 1991 жылы Дәулеткерей атындағы өнер институтында (БҚО) басталды. Шығармашылық жолда студент жастардың қалыптасуына, сонымен қатар өңірлік мәдениет пен өнердің дамуына үлес қосқан ұстаз бүгінгі таңға дейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде қызмет атқарып келеді.

Өнер кеңістігіндегі шығармашыл жастарға деген қолдау, қалыптасып жетілуіне жасаған елеулі еңбек ел есінде. Жастарды болашақта өз орынын табарлықтай азамат пен азаматша етіп, сапалы біліммен саналы

ұрпақ тәрбиелеуіңізде өз ісіңізге деген ұқыптылық пен жауапкершілікті, сүйіспеншілігін тілге тиек етпесек болмас.

Құрметті, Қайыржан Ғайсағалиұлы! Көпке үлгі болар кеңдік қасиет пен байсалдылық, жарқын жүзіңіз, күш-қайратыңыз сарқылмасын. Киелі білім қарашаңырағы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұжымы атынан зейнет жасқа шығуыңызбен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетіңізге баянды бақыт тілейміз!

# ФРАНЦИЯ еліне саяхат

21 ақпан күні ғылыми кітапхана қабырғасында белгілі француз жазушысы Жорж Сандтың туғанына 220 жыл толуына орай «Жазушы болу – үлкен өнер» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Әдеби кешке шет тілі: екі шет тілі білім беру бағдармасының 1,2,3-курс студенттері мен оқытушылар құрамы қатысты.



Шарада жазушының өміржолына арналған бейнебаянмен Шет тілі: екі шет тілі БББ 3-курс студенттері Қайырова Томирис, Майлықұл Бахтияр екі тілде таныстырып өтті. Аға оқытушы С.Б.Бекмухамбетова Жорж Сандтың шығармашылығына кеңінен тоқталып, қызықты мәліметтермен бөлісті. Жазушының нәзік жандыларды гүлдерге теңестіріп жазған еңбегіндегі гүлдер туралы өлең шумақтарын 'Le temps du muguet' Ия-33 топ студенттері Қауыс Амина, Мизамова Айсұлу, Ажгереева Томирис, Жамбылова Дина, Махмудова

Малика, Махамбетова Нұржанат нақышына келтіре орындап берді. Жорж Сандтың көптеген нақыл сөздері мен афоризмдер жиынтығын Аскарова Данель, Колганатова Алау айтып өтті. Жазушының өмірі туралы 'De ma vie' өлең шумақтарын ИЯ – 33 топ студенті Сатанова Алтын оқыды.

Кеш соңында ғылыми кітапхана директоры Тоты Еркінқызы әсерлі, қызықты кеш үшін студенттерге өз ризашылығын білдірді. Кеш соңы «La scene» әсем өнімен қорытындыланды.

Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында ақын-жазушы, суретші, тележурналист Мұнайдар Балмолданың 55 жас мерейтойына орай «Ұлым деп соққан жүрегі» атты шығармашылық кеш өтті.

## ҰЛТЫМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ

Іс-шара барысында мәдениет және өнер факультетінің студенттері бой көрсетіп, алғыс алды. Режиссура БББ 1-курс студенттері (Жетекшісі: А.А.Сундеткалиева) Сағынғали Сейітовтың жігерлі сөздерімен басталып, ақынның өндері шырқалып, өлең шумақтары мен арнау өлеңдер оқылды. Өлкемізге танымал әншілер қонақта болып, ақынның сөзіне жазылған өндерді шырқап тарту етті. Шығармашылық кештің сәні болып, әдемі туындыны сыйға тартқан студентіміз Шапағат Ернар (Интерьер дизайны БББ 2-курс студенті, жетекшісі: М.Т.Отаров) кеш барысында автордың портретін салып, шара соңында сыйға тартты. Ерекше сезім туындатар өнер әрқашанда биік марапатқа ие.

Кеш соңы ақынның жігерлі сөздерімен қорытындыланды.

## Шеберлінің ҚОЛЫ АЛТЫН

Ұлттық құндылықтарды насихаттау аясында жаратылыстану-география факультетінің студенттеріне арнайы Сән және костюм дизайны мамандарын даярлау білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр, қолөнер шебері Есенғалиева Алия Кайнеденовна және Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін, сән және дизайн мамандарын дайындау білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы Катчекова Шынар Ердайыновнаны шақырып, «Шеберлінің қолы алтын» деген тақырыпта танымдық кеш ұйымдастырылды.



Шарада қазақтың қолөнері бойынша киіз, тоқыма, ағаштан т.б жасалған бұйымдардың жасалу жолы, тарихы жақынырақ таныстырылды. Сонымен қатар, аға оқытушы Катчекова Шынар Ердайыновна қыздарға қиынды маталардан сәндік бұйымдар жасатып шеберлік сағатын өткізді. Студент қыздарымызға шара өте қатты ұнады.



## Ұлттың айнасы – ҚЫЗ БАЛАСЫ

Ақпан айының 8-і күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жастар орталығында филология факультеті мен «Қыз Жібек» қыздар клубының ұйымдастыруымен тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Жанбота Есенғалиқызымен «Ұлттың айнасы – қыз баласы» атты кездесу-сұхбат өтті.



Кездесудің басты мақсаты – қазақ қыздарына тән қасиеттерді дәріптеу, насихаттап түсіндіру.

Кездесу барысында Жанбота Есенғалиқызынан «Қыз Жібек» қыздар клубы туралы қысқаша ақпарат алып, одан кейін қыздар өздерінің көкейтесті сұрақтарының жауабын алды.

Сұхбаттың еркін әрі қызықты болғаны соншалық, 2

сағаттың қалай өтіп кеткендігі де байқалмады. Себебі, сұхбатта қазіргі таңдағы қыз балалардың тәртібі айтылып, өмірдегі жағдаяттармен дәлелденіп отырды. Жанбота Есенғалиқызы өз өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, әсерлі, қызыққа толы кездесу болды.

Кездесу соңында қыздар шақырылған қонаққа өз алғыстарын айтып, шағын сыйлықтарын табыстады.

## ■ Даналық тұнбасы

Естілер еңкейген сайын еңселене түспек. Белгілі айтыскер ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері Шолпан Қыдырғиязова – еңселі естілер сапынан. Бүгінгі қазақ әйелінің эталоны Шолпан Батырқызының «Анадан – ақыл, әжеден – әдеп» («Менің тәрбие сағатым» еңбегінің толықтырылған, өңделген нұсқасы) атты кітабы – тектілік баяны, саналы ұлт ұрпағын текті сөз арқылы өнегеге баулу еңбегі. Құдайым кеудесінен осыншама тұңғыш шуақты ой төккізген Шолпан апамыз – есті елдің текті қыздарының сойы. Аталмыш еңбекте автор қысқа сөз арқылы нұсқа ой өреді. Нәтижеде бүгінгі ұрпақты сәтіммен сергітеді, құлаш жая серпілтеді.

«Анадан – ақыл, әжеден – әдеп» еңбегі – сары алтындай салиқалы салмағы бар сан тарау томдықтарға бергісіз толғанысты толайым туынды. Еңбек ақиқатты айтуымен құнды. Ал ақиқатты тек ақылды көздермен

әкімқараға құлаққағыс ретінде рухтыны ұлықта, намыстыны налытпа, беделдіні биіктет, жігерліні жетекте, қабілеттіні қамқорла, таланттыны таныт, жасты жасытпа, кісіге емес ісіңе сен деуі де неткен



# ТЕКТІ СӨЗДІҢ ШУАҒЫ

ғана көруге болар. Білерміз, көзбен оқып қана қоятын да сөз бар. Асылы, жаңғырығы жоқ сөздің жақсылығы шамалы. Бұл ретте еңбекке енген зерделі сөздер – оқырманын ойлантар ойлы сөздер. Су татитын сөлінен айрылған сөз емес, қуат болып жарытпас қайғырған да сөз емес, ел зердесіне көшкен елеулі сөз. Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас делінеді. Десек те, көзбен айтқанды сөзбен айтқаннан асқан қиындық жоқ. Демек, жүзіктің өзінен де көзі қымбат, ақынның сыйлығынан сөзі қымбат, биліктің сөзінен біліктің сөзі қымбат. Туындыгер еңбегі – ақылман ақынның, тәжірибелі біліктің қуатты да құнарлы сөзі. Ақын таразысы – әділ таразы. Ақын ақиқат шындықты айнақатесіз деп айтады. Біле білсек, ақын жалған сөйлеген күні ақындықтан қалады. Шыншыл қалам шымыр жазады емес пе. Бізді емен сөздің иегері Шолпан апамыздың ауылына тартпақтамай, бауырына жалтақтамай тура тұжырым жасай білгені қуантады. Туындыгер осынысымен оқырман алдында қашан да биік. Өркімнің де өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қаларының дәлелі де осы емес пе!

Афоризм – тілсіз тәлімгер. Еңбекке енген осы тұрғыдағы Шолпан Батырқызының нақыл сөздері – тұнған тағылымды тұжырымдар. Тәрбие тәлімінің туындыгері ата баласы емес, адамның баласы болуды қадай айтып, адамдықтың белгісі қасықтай қастерленген абыройды шелектеп төкпеу, абыройды сақтау әрі сатпау сапында салмақтайды. Ашу үстінде ант жүрмес десек, ашу тасыса бар ақыл да төгілерін ескертіп, ашумен аузыңды ашпауды айтады. Түйір нан термен келмек. Ендеше, еңбек адамның екінші анасы десек, тұлпар уақыт еңшісіндегі еңбек тоқтықтың, жалқаулық жоқтықтың белгісі екенін баса айтады. Кішкентай тастан қауақтай бас жарыларын ойласақ, түсіңе сенбеуді, күшіңе сенуді айқындап, сабыр санадан, ақыл ауырдан туарын есте ұстауды меңзейді. Басшыға,



ғажап! Іле-шала діліне діңгек болмаған тіліне тірек болмайды деп түйеді.

Шешен сөйлеу – тұлға көркі. Ділмардың сөзі ұстаның бізінен өткір. Шешендік күші шындықта. Шолпан Батырқызы – аз жазса да саз жазатын жан. Ақын шешен сөйлеу әдебін «ерсілі-қарсылы сөйлеу – алжығандық», «аузына келгенді айта беру – парықсыздық», «ақылдыны жауыз, ақымақты ауыз өлтіреді», «ана тілін білмеген адам-санаға салтын ілмеген адам», «көлбеңдей беру көсемдік емес, сөйлей беру шешендік емес» деп деп шертеді.

Сақтықты сұңқардан үйренген жөн. Кітап авторы өзі саққа құдай жақ, сақ жүрсең, сау жүресің дей келе, тілдімен тіреспе, жетімге жекірме, шынжырлымен шатаспа, қорғансызды қорлама, тасырға тас атпа тұрғысында сақтандырады. «Бата – сөздің анасы» болса, бата дарып, бақ қонғай деп, атаңнан бота қалмасын, бата қалғай деп, бата білмейтін атадан ас қайырар шата артық деп, бата жаттауға кеңес береді. Автор ұрпағының ақылы барда ар сақтауын жөн санап, беттің арын белбеуге түйіп алуын ар көреді. Жарлы

болсақ та, арлы болуға шақырады. Демек, жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат.

Қарымды қаламгер туған жердің ауасы да шипа боларын меңзеп, туған жердің туын жықпау тұрғысында қазақтың бала тәрбиесіндегі ұстанымын қасиет тұтады. Жасқа да, жасамысқа да ғұмырлық кредо болар «шындықтан шошынбаймыз, тар жерде тосылмаймыз, орынсыз осылмаймыз, қоқысқа қосылмаймыз, топта тау тасындаймыз, жарқ етсек жасындаймыз, табысқа тасынбаймыз, ашумен ашынбаймыз, ақсусақ қасқырдаймыз, көкірек бастырмаймыз, басынып басқа ұрмаймыз, абырой шаштырмаймыз, салттың сабағымыз, сыбаға табағымыз, қасиет қабағымыз, тәртіптің табанымыз, ақылға жүгінеміз, сыйласақ үгілеміз, иіліп бүгілеміз, сезімнің самалымыз, қағидат қамалымыз, жақсылық жамалымыз, Алладан амалымыз» деген қағидатты тұжырымдар ұсынады. Бұл ақынның жас ұрпақ бойынан көргісі келер, қасиет дарытар қағидасы ғана емес, бұл – Шолпан ақынның өзіндік ұстанымы да.

Туындыгер тәрбиелі адамның тағалы

атпен теңдігін ескеріп, бала тәрбиесі бесіктен деп, бесіксіз үйде береке жоқтығына екпін сала келе, есігіміз бен бесігімізге ұқыпты болуды өтінеді («Бесік – тәрбие, тәртіп, тазалық, төзім, денсаулық, есік – пейіл, мінез, қонақжайлық, салт-дәстүр»).

Еңбекте ақын құдды бір емшідей ашу басу жолдарын да ұсына білген (Оңаша отырып күй тыңдасаң, күйің басылады, ән асқақ арманға жетелейді, жүрекпен оқысаң, өлең өзектегі өкінішті өшіреді, жыр жан жарасын жазып, сабаңа түсіреді, әңгіме әлеміңді әрлейді).

Парасатты пайым месі шынайы отбасы құруға қатысты кемеңгерлік танытқан (Босаға аттауға әзірмісің, қызым? Босаға аттау – бостандықты еркіңмен шектеу, бейнетке беттеу, міндетсу емес, міндет алу, ыңғайсыздану мен ыңғайшылдану, тыным таппау, ешкімнің «жынын» қақпау, тайталаспау, бүгінгі ертең қайта бастау, тіл қатуға тосыла беру, ісіңе іс қосыла беру).

Ұлдың намысын жона түседі, қайрай түседі (Ұмытпа, ұлым! Сен – қазақсың, ұлтыңның ұлтанысың, салтыңның сұлтанысың, жұртыңның жүрегісің, тіліңнің тірегісің, діліңнің діңгегісің, дініңмен іргелісің. Қазақ деген – бес әріп. Қасиет, айбын, зерде, ар, қанағат! Қасиетіңді қашырмай, айбыныңды аздырмай, қанағатыңды құлыптап бес әріптің ішіне сыйып жүргейсің!).

Қысқасы, ақын еңбегі арқылы оқырман атаулы көкейіндегі сан сауалға жауап тапқандай. Соның бірі – қалай айту керектігі туралы. Мәселен, ұрысып айтпа, дұрысын айт; ісініп айтпа, түсінік айт; сарқылып айтпа, тартынып айт; күйініп айтпа, түйініп айт; шамданып айтпа, қамданып айт; бұқтырып айтпа, ұқтырып айт, т.б. Демек, айтса білген, орнын білген еш опынбасы дауыс.

Тіл – қашан да көңіл кілті. Әдепсіз өскен адамнан тәртіппен өскен тал жақсы. Ақын ердің өзіне қарамауды, сөзіне қарауды, сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейтінін алға ұстайды. Демек, Шолпан Батырқызы – жақсы адам тұлғасындағы ел ырысы, оның сөздері – жанның тынысы. Ақыл сөзі – көпке айтылған ұлағат, кеңес ғана емес, таптырмайтын ем де.

Тоқетерін айтсақ, Шолпан Қыдырғиязова – қасқағым өмірдің қағаберісіндегі таспаның жіңішке тіліндей тарамдалған тіршілікте ештеңеге қарамастан өмірді өзінше сүйе білетін жан. Шолпан сынды шындықты тура айта алар біртуар апайымыз барда қазақтың емен сөзі жайқалып өсе бермек. Сәті түсіп тұрғанда Шолпан Батырқызына айтар тілегіміз – қай уақытта да алтынның түйіршігіндей жаңқаларыңызды жинай жүргейсіз, емен сөзіңізді айта бергейсіз, Сізге бір күніңіз мазасыздау мұң сыйласа, жүз күніңіз қуанышпен шаттандырғай!

**Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі

## ӨЗ-ӨЗІҢДІ ЖЕҢУ - ЖЕҢІСТЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

Махамбет университетіндегі тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің психолог маманы 25-29 қаңтар күндері аралығында жаратылыстану-география, физика-математика, тарих, экономика және құқық факультетінің студенттерімен және №1 студенттер үйінің тұрғындарымен «Өз-өзіңді жеңу – жеңістердің жеңісі» тақырыбында кездесу өткізді.

Аталмыш шараның негізгі мақсаты – екінші жарты жылдық оқу кезеңінің басталуы қарсаңында білім алушылар мен оқу ордасына ауысып келген студент жастарға университеттегі мүмкіндіктер жөнінде, оның ішінде психологиялық қолдау секторының қызметі туралы ақпарат беру, қазіргі таңда жастардың проблемалық, кризистік жағдайларға тап болған кезде дұрыс, сауатты шешім

қабылдауына қолдау көрсету. Кездесу барысында қазіргі кезеңдегі өзекті (лудомания, наркомания, клептомания, харрасмент, интернет-тәуелділік, буллинг, кибербуллинг) мәселелер талқыланып, студент жастардың тұлғалық дамуына, ұжымдық қарым-қатынасты арттыру бойынша кеңестер берілді. Сонымен қатар, студенттердің белсенділігін арттыру мақсатында түрлі

психологиялық жаттығулар жүргізілді.

Кездесу соңында барлық қатысушылармен кері байланыс орнатылып, жеке мәселелер бойынша кеңес алуға мүмкіндік жасалды. Студент жастар алдағы уақытта университеттегі психологиялық қолдау қызметіне келіп кез келген уақытта кеңес ала алатындығы жөнінде мәлімденді.

«Математика, физика және информатиканы оқытудағы ЖОО мен мектептердің өзара әрекеттестігі» атты әдістемелік айлығында 15 ақпан күні «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен «Адам-компьютер өзара әрекеттестігі» атты ашық практикалық сабақ өтті.

## АШЫҚ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ ӨТТІ

Ашық практикалық сабаққа жаратылыстану-география факультетінің 6В01508 Химия-биология БББ мамандығының ХБ-21 топ студенттері, Әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің маманы Ермекбаева Лаура Жасузаковна және БББ оқытушылары қатысты. Студенттерге тақырып бойынша презентация көрсетіліп, тапсырмалар берілді. Алдымен «Quiver vision» қосымшасы компьютерге немесе ұялы телефондарына жүктеп, суретті көшіріп pdf форматта шығарып алып бояп, «Quiver vision» қосымшасының камерасымен QR-code салып 3D coloring app тірілті, неше түрлі түске де бояп студенттерге өте қызық интерфестермен жұмыс болды.

## ПАЙДАСЫ МОЛ ДӘРІС

21 ақпан күні университетімізде «Жоғары мектепте инновациялық технологияларды іске асырудың заманауи тәжірибесі» тақырыбында өткізілетін әдістемелік айлық аясында «Құқықтану» БББ оқытушысы Т.И.Казиев БҚО бойынша ҚАЗ департаментінің №27 мекемесінің қызметкері әділет капитаны Д.С.Ақшолоқовтың шақыруымен «Сотталғандармен тәрбие жұмысын құқықтық реттеу және оларды оқыту» тақырыбында дәріс өткізілді.

Дәріс барысында студенттер бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандармен жүргізіліп жатқан практикалық жұмыстар туралы сотталғандарды түзетуге бағытталған тәрбие іс-шаралары туралы және т.б сұрақтар қойды.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ

Ағымдағы жылдың 23 ақпан күні облыстық тарихи өлкетану музейінде ұйымдастырылған «Экологиялық қауіпсіздік – Қазақстанның өзекті мәселелерінің бірі» атты ғылыми-практикалық конференцияға Тарих, экономика және құқық факультетінің профессор-оқытушылар құрамы С.К.Рамазанов, Б.С.Альжанова, А.С.Ергалиев, С.Н.Бохорова және БП-11, Гео-11, Эко-11, Эко-12 топ студенттері қатысып, қазіргі таңдағы экологиялық өзекті мәселелер туралы пікір алмасты. БГ-21 топ студенті Акберлиева Амина мен БП-11 топ студенті Смагул Ақбота «Табиғатты қорғау- болашақты ойлау!», Эко-31-1 топ студенттері Алексеева Татьяна, Нургалиева Дильназ «Водная Безопасность Республики Казахстан» атты тақырыптарда баяндамаларын жасады.

Шара соңында Батыс Қазақстан облысы тарихи өлкетану музейінің «Табиғат және экология» бөлімінің меңгерушісі Жумагазиева Айгул Умиргалиевна қатысушыларға алғысын білдіріп, арнайы «Алғыс хатпен» марапаттады.

## Көргенімнен түйгенім немесе мәдениеттілік деген не?

Ақпан айының 2-жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінде БГ-11 топ студенттері және топ кураторы, аға оқытушы Кажмуратова Жаннат Санкибаевнаның ұйымдастыруымен «Көргенімнен түйгенім немесе мәдениеттілік деген не?» тақырыбында кураторлық сағат өткізілді.



Қазіргі таңда жастардың сауатты, білімді болуымен қатар қоғамда мәдениетті болуын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған БГ-11 тобының «Көргенімнен түйгенім немесе мәдениеттілік деген не?» тақырыбында өткізілген кураторлық сағат студенттерге үлкен ой салды. Мәдениеттіліктің басты қағидасы қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауы, басқа адамдармен қарым-қатынасы, киім кию мен сөйлеу

мәдениеті екенін естен шығармау керектігі, рухани тәрбиенің отбасында қаланатындығы студенттер даярлаған бейнероликтермен көрсетілді.

Шара барысында өз ойларын ортаға салып, мәдениетті болу рухани байлық екенін талдаған студенттер «Бір үйдің баласындай», әнімен аяқтай отырып, алдағы студенттік өмірлерін қызықты, қайталанбас шақ етіп өткізу керектігін түсінді.

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ӘРТҮРЛІ БЕЙІМДЕЛУІ

Ақпан айының 15-жұлдызында жаратылыстану-география факультетінің «Ботаника» үйірмесінің студенттерімен «Қоршаған ортаның әртүрлі жағдайына өсімдіктердің бейімделуі» тақырыбында кезекті отырысы өткізілді.



Үйірме студенттері өсімдіктердің табиғаттағы әртүрлі жағдайларға (қуаңшылыққа, тұздануға) бейімделіп, түр өзгеріске түсетіндіктерін бейнематериалдармен, презентациямен көрсетті. «6В01526 - Биология-география» БББ 1-курс студенттері Т.Аманжолов пен А.Ержігіт «Өсімдіктердің адаптациясы» тақырыбында даярлаған презентациясында суккулентті өсімдіктердің түрлері мен олардың ботаникалық ерекшеліктері туралы қызықты ақпараттар берсе, А.Наурызалиева мен Д.Дауылғали «Өсімдіктердің әртүрлі ауруларға төзімділігі» туралы пайдалы бейнеролик көрсетті.

Сабақтың қорытындысында үйірме жетекшісі аға оқытушы Ж.С.Кажмуратова бөлме өсімдіктерін ауыстырып отырғызуға қойылатын талаптармен таныстырып, шеберлік сағатын көрсетті. Үйірме жетекшілері А.Өтепберген және А.Жумакулова үйірменің жылдық жоспарымен таныстырды.

## Ұлттық ойын – ұрпақты шыңдайды

Ағымдағы жылдың 22-ақпанында педагогика факультетінде «Ұлттық құндылықтар - тәрбиенің түп қазығы» жобасы аясында киіз үй тігіліп, ұлттық ойындар ойналып, мерекелік шара өткізілді. Шараның мақсаты - ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, ұлттық сананы қалыптастыру, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Шара басында алғы сөз Педагогика факультетінің деканы Ергалиева Гүлжан Алғазықызына берілді. Шара барысында ФКС-33 тобының студенті Түзелбай Әдемі терме айтып, факультетіміздің студенттері мың бұралып би билеп, домбырамен күй шертті. Студенттерге ұлттық құндылықтарымыз киіз үй, ұлттық киімдер мен әшекейлер, аспаптар туралы да Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы білім беру бағдарламасының аға оқытушы, магистр Мусағалиева Гүлнұр Бақтығалиевна түсінік беріп өтті. Студенттер ұмытылып бара жатқан «Ақшымшық» ойынын ойнап, асық атып, қол күрес, арқан тартыс жарыстары өткізді.

Шара соңында барша жиналған қауым ұлттық тағамдардан ауыз тиді.



2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издается с 30 января 2016 года



Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.  
Ахмет Байтұрсынұлы

# ЖУРНАЛИСТ

№1 (66), ақпан, 2024 жыл

(Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

## ■ Президент сұхбаты

# Мен қазақ елінің жастарына сенемін

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық газетіне берген сұхбатының кейбір тезис-тұжырымдары)

Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек.

\*\*\*

Біз тиянақты және жоспарлы әрекет жасаймыз, мақсатқа жету үшін үздіксіз алға ұмтыламыз. Бұл – айрықша маңызды жыл (2024 ж.) болмақ. Өйткені осы кезең еліміздің алдағы бес жылдағы дамуына негіз болады.

\*\*\*

Ұлттық құрылтайдың отырыстары идеология саласындағы мәселелерді, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісін, қоғамның құндылықтар жүйесін жаңғырту жайын талқылайтын тиімді пікірталас орнына айналды.

\*\*\*

Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді. Биыл әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125, даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толады. Сонымен қатар тарихшылардың пайымдауынша, Жошы Ұлысының іргесі қаланғанына – 800 жыл. Мемлекеттігіміздің тамыры тым терең де жатқанын өйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады. Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз.

\*\*\*

Бұл жылдың ел тарихында қандай орын алатыны барша азаматымыздың ерік-жігеріне де байланысты. Мен жаңажылдық құттықтауымда биыл бәріміз тұтас ұлттың өсіп-өркендеуіне куә болатынымызды айттым. Бірақ осы мақсатқа жету үшін біз бір ел болып, білек сыбана жұмыс істейміз керек.

\*\*\*

Меніңше, қасіретті Қаңтар оқиғасына жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жалпы тоқыраудың билік пен қоғамды аздырып-тоздыруы себеп болды. Бұл – айтпаса да түсінікті жайт.

\*\*\*

Бір сөзбен айтсақ, ескі жүйе келмесе кетті. Қазақстандағы саяси реформалар жүйелі ғана емес, ешқашан кері қайтпайтын түбегейлі сипатқа ие болды деп сеніммен айта аламыз. Мұның еліміз үшін айрықша маңызы бар. Себебі ұлттың саяси сана-сезімі түбегейлі өзгерді. Жұрттың құқықтық сауаттылығы мен белсенділігі демократиялық жаңғырудың басты кепіліне айналды. Тоқетерін айтсақ, кері кетуге халықтың өзі жол бермейді және елге жаңа леп әкелген осы өзгерістерді табандылықпен қорғайды. Мен бұған бек сенімдімін.

\*\*\*

Мемлекеттің басты міндетінің бірі – заңның мүлтіксіз орындалуын, тәртіптің қатаң сақталуын толық қамтамасыз ету. Сондықтан заң бұзған кез келген адам жауапқа тартылады. Ал заң мен тәртіпті сақтау мәселесіне азаматтардың идеологиялық ұстанымы мен саяси көзқарасының еш қатысы жоқ. Заң бәріне ортақ.

\*\*\*

Шынымен де, біз геосаяси төңірегімізде ауқымды демократиялық өзгеріс жасап, адам құқықтарын қорғау ісінде зор табысқа жеткен бірден-бір елміз.

\*\*\*

Шын мәнінде, мен үшін макроэкономикалық көрсеткіштер соншалықты маңызды емес, азаматтардың

тұрмыс сапасының іс жүзінде жақсаруы одан әлдеқайда маңыздырақ.

\*\*\*

Әлемдегі экономикалық ахуал біздің елге де салқынын тигізетіні сөзсіз. Алайда кез келген қиындық жаңа мүмкіндікке жол ашады. Үкіметтің жел қайдан соқса да желкенді өзіне оңтайлы бұра алатындай, жан-жақты ойластырған жоспары болуға тиіс.

\*\*\*

Ең бастысы, тиімді жоспарлау және ресурстарды орынды пайдалану керек.

\*\*\*

Атқарушы билікке жан-жақты ойластырылған іс-қимыл стратегиясы және өз міндетін тиімді жүзеге асыруға ынта-жігер ғана қажет. Дербестікке және қосымша өкілеттікке ие болуға ұмтылған Үкімет қалағанын алды. Бірақ «алмақтың да салмағы бар», оларға қойылатын талап та күшейді. Үкімет мұны түсінуге тиіс.

\*\*\*

Жылу электр орталықтарындағы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы мүшкіл ахуал – көп жылғы салғырттықтың салдары. Осы саладағы түйткілдер бір күнде аяқ астынан пайда бола қалған жоқ. Оның бәрі жылдар бойы қордаланған мәселелер екені баршаға мәлім.

\*\*\*

Қазақстан үшін таза атом энергиясының мәні зор. Бұл – ел экономикасының болашағына тікелей әсер ететін айрықша маңызды мәселе. Біз табиғи уран өндіру көлемі жағынан әлемде бірінші орын аламыз. Ядролық отын компоненттерін де өзіміз өндіреміз. Сол себепті мен еліміздің аумағында АЭС салу жайына айрықша мән беремін. Түптеп келгенде, энергетика қауіпсіздігі мәселесін геосаяси мүдде емес, нақты қажеттілік пен мүмкіндіктер тұрғысынан қарастырып, ғылыми зерттеулер негізінде шешкен жөн.

\*\*\*

Біздің өзгермейтін мақсат-мұратымыз бар. Бұл – еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, экономикамыздың орнықты дамуына барынша қолайлы жағдай жасау.

\*\*\*

Тұрақты әрі өзара сенімге негізделген жоғары деңгейдегі диалогтер болмаса, аймақтағы мемлекеттердің басқа да ықпалды елдермен қарым-қатынасын қарқынды дамытуы неғайбыл еді.

\*\*\*

Күнделікті міндеттерден бөлек, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарға ден қоюдың мәні зор. Біз болмашы нәрселерге баса назар аударып, ұсақ-түйекті талқылауға бүкіл күш-қуатымызды сарп етеміз. Одан да сорақысы, әлдекімдердің жалған сөзіне еріп, араптер боламыз. Мұндай пайдасыз істерге алаңдап, ұлттың стратегиялық бағдарынан жаңылмауға тиіспіз.

\*\*\*

Әлбетте, тарих – біздің жалпыұлттық бірегейлігіміздің маңызды бөлігі. Бір сөзбен айтқанда, сан ғасырлық тарихымызды зерттеу, тарихи әділдікті қалпына келтіру біздің негізгі міндетіміздің бірі болып қала береді.

\*\*\*

Алайда біздің бұрын кім болғанымыздан қазір кім екеніміз, ең бастысы, болашақта кім болатынымыз

әлдеқайда маңызды. Сондықтан қандай қиындықтан өткенімізді бағамдайтын кезде ғана ауызбіршілік танытпай, баянды болашаққа да бірге қадам басуымыз қажет.

\*\*\*

Біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек. Керісінше, келешегімізді кемел етуге ұмтылып, ұлттың ұлылығын нақты іспен дәлелдеуге тиіспіз. Дүниетанымымызға жат мәдениеттерге көзсіз еліктеуден, жалған патриотизмнен, даңғойлық пен дарақылықтан сақтануымыз керек. Халқымыздың бойындағы кемшіліктерге көз жұма қарамай, одан арылуымыз қажет. Мұның бәрі күн сайын құбылған тұрлаусыз заманда өмір сүріп жатқан Қазақстанның келешегі үшін айрықша маңызды.

\*\*\*

Ұлтымыз өсіп-өркендесін десек, біз жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз керек. Қоғамда еңбекқорлық пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жаңашылдық салтанат құруға тиіс. Сондай-ақ өмірге байсалды және байыпты көзқарас басым болғаны жөн.

\*\*\*

Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс.

\*\*\*

Тағы да қайталаймын, еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз.

\*\*\*

Біз қоғамды ішінен ірітетін, адамгершілікке жат қылықтарды ақтауды көздейтін кез келген әрекетке және құқықтық нигилизмге тұтас ел болып тосқауыл қоюымыз керек.

\*\*\*

Біз заңсыздық пен қатыгездікке бір кісідей батыл қарсы тұруымыз қажет. Сондай-ақ қоғам нормалар мен ережелердің және жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың аяқасты болуын қатаң айыптап, онымен бірлесіп күресуі керек.

\*\*\*

Мемлекеттік қызметшілер өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқаратын кәсіби маман ғана болмауы керек. Олар әрдайым бастамашыл, нақты ісімен елге пайда әкелетін және өзгерістердің өміршеңдігін халыққа көрсете алатын азамат болуы қажет. Сондай-ақ олар білімді-білікті ғана емес, сөзі мен ісі үйлесетін, тиянақты, тәртіпті және арлы адам болуы шарт. Қарамағымда қызмет істейтін азаматтардың маған емес, Әділетті Қазақстанды құру идеясына адалдығы әлдеқайда маңызды.

\*\*\*

Қазір әлем жыл сайын емес, күн сайын өзгеріп жатыр. Жаңа технологиялар, мамандықтар және салалар пайда болуда. Жұмысты ұйымдастырудың және басқарудың әдіс-тәсілдері қайта қаралуда. Осындай жағдайда жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге және озық білімді тиімді пайдалануға қабілетті жастардың рөлі арта түседі.

\*\*\*

Ойы ұшқыр жастарымыз болашақты бағамдай алды әрі дәйекті дамуға ұмтылады. Сондықтан оларға парасат-пайым жетіспейді деген пікірмен келісе алмаймын. Бірақ билік құрылымдарына аға буынның тәжірибесі де, жас ұрпақтың жаңа идеялары да керек. Бұл жерде эксперимент жасаудың қажеті жоқ.

\*\*\*

Асығыстықтың салдары ауыр болуы мүмкін.

\*\*\*

Жас басыларға көбіне тәжірибе жетіспейді. Менмендігі және өзіне сыни көзқарастың әлсіздігі кейде олардың өз қарым-қабілетін жоғары деңгейде көрсетуіне кедергі келтіреді. Соған қарамастан, біз жаңа буыннан шыққан кәсіби мамандарға мүмкіндік беріп келеміз. Бұл саясат алдағы уақытта да жалғасын табады.

\*\*\*

Мен мемуарларды, публицистикалық шығармаларды, саяси очерктерді әрдайым ыждағатпен оқимын. Мен үшін қазіргі кезең мемуар жазып отыратын уақыт емес.

\*\*\*

Жаңа жыл – әрине, күнтізбенің жаңа парағын ашатын маңызды меже. Осы сәтте өткен жылды қорытындылап, келешекке жоспар құру әдетке айналған.

\*\*\*

Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін.

Әзірлеген, А.С.ҚЫДЫРШАЕВ,

«Қоғамдық даму» департаментінің директоры, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі

## КОРРУПЦИЯ – ЭТО КОРРОЗИЯ

15 февраля 2024 года в рамках изучения предмета «Основы антикоррупционной культуры» под руководством преподавателя М.С. Усенко была организована викторина «Мы против коррупции» среди 3 курсов ОП «Юриспруденция».

Целью викторины является закрепление знаний студентов о коррупции, о её проявлениях, а также формирование антикоррупционной этики, антикоррупционного поведения студенческой молодежи, и повышение уровня их правового сознания.

Участие в данном мероприятии приняли студенты группы ЮР-32, которые в ходе викторины были разделены на 5 подгрупп: «Элита», «Антикор», «Коррупционеры», «Николай и его партнеры», «Правосудие». В ролях ведущих выступили Гурсаева Раяна, Кубжасаров Алишер, Касымов Омар и Дюсембаева Камила.

Викторина состояла из 4-х туров, где в каждом из которых студенты должны были проявить знания нормативных актов, пройденного материала, смекалку и скорость мышления. С первых этапов мероприятия были

заданы вопросы различной сложности, касающиеся темы коррупции и антикоррупционной деятельности. Студенты активно отвечали на вопросы, обсуждали ситуации и примеры из практики, а также делились мнениями и взглядами на данную проблему. Победителем викторины вышла команда «Элита», проявив наибольшую активность и показав наилучший результат. По окончании викторины были вручены сертификаты победителям и участникам, и проведены обсуждения о важности антикоррупционной культуры среди студентов.

## ПРАВОВАЯ СТАТИСТИКА В РК

Еще одна интеллектуальная викторина прошла 16 февраля по ОП «Юриспруденция» среди 3-х курсов в рамках предмета «Прокурорский надзор и правовая статистика» с преподавателем М.С. Усенко. В викторине по «Правовой статистике в Республике Казахстан» принимали участие студенты группы ЮР-32, а организаторами выступили Макашева Сулжан, Абатова Алина, Уразова Аружан, Нургазиева Жансая, Аликов Алишер и Мурзагалиев Эльхан.

Главная цель викторины отразилась в следующем: закрепление юридической терминологии, усвоение теоретических знаний по предмету «Прокурорский надзор и правовая статистика», а также формирование у студентов общекультурных и профессиональных компетенций, необходимых для последующей успешной реализации правовых норм, обеспечения законности и правопорядка, правового обучения и воспитания.

Викторина состояла из нескольких туров, в ходе которых студенты, разгадывали определения юридических терминов, решали ребусы и задачи. Все

обучающиеся проявили высокий интерес и показали свои знания по заданной тематике. Первое место заслуженно заняла команда группы ЮР-32 «Біздікі», показав отличный результат и активность.

Поздравляем команду «Біздікі» с победой и желаем им дальнейших успехов и достижений в обучении! Очень важно, что студенты демонстрируют высокий уровень интереса к юридической тематике, это говорит о их серьезном отношении к обучению. Такие мероприятия не только помогают студентам укрепить и углубить свои знания, но и способствуют развитию коммуникативных навыков и сплочению коллектива.

## Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады

20 ақпан күні физика-математика факультеті математика және физика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының 1-курс студенттері арасында «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» атты интеллектуалды сайыс өткізілді. Шараның мақсаты – студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, теориялық білімін қолдана білу мен есептеу дағдыларын дамыту, бір-бірімен жеке қарым-қатынасқа тәрбиелеу, топтасып жұмыс жасауға тәрбиелеу.

3 кезеңнен тұрған интеллектуалдық сайысқа 4 команда қатысты. III орынды МФ-11 тобы, II орынды М-11 тобы және үздік нәтижемен I орынды МФ-11 тобы иеленді. Белсенді қатысқаны үшін МИ-11 тобы Алғыс хатпен марапатталды.

## ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ КИІЗ ҮЙ



Топ студенттері ұлттық нақышта киініп, киіз үй туралы слайдтар дайындап, өз ой-пікірлерін ортаға салды. Кураторлық тәрбие сағатына жаратылыстану-география

факультетінің аға оқытушысы Ж.С.Кажымуратова қатысып, студенттерге ұлттық болмысымызды жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа дәріптеуге шақырды.

## Квест ойын ұйымдастырылды

Ақпан айының 2-жұлдызында физика-математика факультетінің ұйымдастыруымен «Музей» атты квест ойыны өткізілді.

Ойынның басты мақсаты – университетімізге жаңадан қосылған студенттерді оқу орнымен, соның ішінде факультет тарихын музей арқылы жеткізіп түсіндіру, белсенділер қатарына тартып, осы студенттік шақты бірге пайдалы әрі көңілді өткізуге шақыру.

Ойынға қатысушы студенттерді белсенділердің студенттік деканатына жинап, бір-бірімізбен танысып, квесттің 1-кезеңіне аяқ басты. Әр кезеңде өзін-өзі басқару ұйымының өнерлері арқылы тапсырма берген болатын. Солай әр кезеңнің тапсырмасын орындау арқылы әріптес жинап, Музей сөзін шығарды.

Шараны қорытындылай келе музейді таныстырып, факультетіміздің тарихымен бөлістік.

## FD-OSCAR-CUP

Ақпан айының 10-ы күні Филология факультеті мен «Ақиқат» пікірсайыс орталығының ұйымдастыруымен «FD-OSCAR-CUP» атты дебат турнирі өтті.

Турнирдің мақсаты мен міндеттері:

- Филология факультетінің студенттері арасында пікірсайыстың деңгейін көтеру;
- Шешендік өнер және көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау, ынталандыру;

• Филология факультетінің студенттерін сыни тұрғыда жан-жақты ойлай білуге баулу.

Турнирге 12 фракция қатысып, Филология факультетінің студенттері арасындағы пікірсайыс турнирінің қорытындысы бойынша: «Үздік спикер» аталымымен Сыдықова Зәуреш, «Үздік талпынысты» ИЯ-17 тобының «Зиялы» фракциясы иемденсе, жүлделі 3-орынмен ҚТӘ-А-11 тобының фракциясы «14-үшін», 2-орынмен ҚТӘ-11 тобының фракциясы «Түпсана», 1-орынмен ИЯ-13 тобының «Diamond cartel» фракциясы марапатталды.

## ВИКТОРИНА: ЗНАНИЕ ПРАВ

16 февраля в рамках изучения предмета «Жилищное право» преподавателем М.С. Усенко была организована и проведена викторина на тему «Жилой фонд и вопросы найма».

В викторине принимали участие студенты группы ЮР-22, а ведущими мероприятия выступили Баева Томирис, Балбекова Альбина, Кудбаева Дарина, Чубукина Кристина.

Викторина преследовала цель не только закрепить знания студентов ОП «Юриспруденция» в сфере жилищного права, но и выработать у обучающихся специального юридического мышления, позволяющего вскрывать основные закономерности развития и функционирования нормативно-правового регулирования жилищных правоотношений.

В викторине участвовало 5 групп, которые в ходе викторины разгадывали понятия жилищного права, решали ребусы. Кроме того, викторина проводилась с использованием игровой обучающей платформы «Kahoot». По итогам викторины первое место заняла команда «Dark side» группы ЮР-22. Мероприятие проходило с использованием цифровых устройств, позволявших расширить возможность проявления знаний участников.

Студенты были активно вовлечены в игру и проявили хороший уровень знаний по теме жилищного права. Все участники получили положительный опыт и новые знания, которые им пригодятся в будущей профессиональной деятельности. Такие мероприятия способствуют не только углублению знаний студентов, но и способствуют развитию коммуникативных навыков, умению работать в коллективе и принимать обоснованные решения. В целом, викторина была проведена успешно и получила положительные отзывы как у студентов, так и у преподавателей.

Адам баласы қарбалас тыныс тіршіліктен босамай, айналаға уақытын бөле алмай қалып жатады. Осындай бірқалыпты өмірді өзгерту мақсатында мәдени-тынығу жұмысы БББ 2-курс студенттері кураторы Гульжазира Ермакқызымен бірге бос уақытты тиімді пайдалану мақсатында демалысқа шықты. Қыс қызығы шаңғы және коньки тебу болса, сырғанақтан сырғанау да әдетке айналды.

Қала ішіндегі «Green park» демалыс орталығына бір отбасындай ұйымдаса барған студенттердің бос уақыты тиімді өткеніне сенімдіміз. Әуелі коньки теуіп, сырғанақтан сырғанағаннан кейін, барлығы бір дастархан басына жайғасты. Сол отырыста бір-біріне, ұстаздарына өз алғысын білдірген студенттер жақсы көңіл-күйде үйлеріне тарқады. Әр сәтті бағалауды үйреніп, жақын жандарымызбен өткізер көңілді күндеріміз көп болсын.

## Дастархан өткен бір күн



## Анамен байланыс

Көпшілік жасөспірім қыздардың басты мәселесі осы. Аналарымен оңай, жеңіл, еркін қарым-қатынас құруға қиналатындар көп. Негізі бұл көптеген қиындықтардың, мәселенің қас жауы. Өз анамызды тек қана ана ретінде емес, құрбы, дос, жолдас, тіпті құрдас ретінде сезіне алу керек. Бұл тек қыздарға ғана емес, аналарға да тікелей байланысты.

Қыздарымен дерекі қарым-қатынас жасап, мәселесін тыңдағысы келмейтін, барлығына тек ұрыспен ғана жауап беретін аналар бар. Болашаққа деген ең үлкен қате қадам осы. Қателік жасамауы үшін, сырын өзгеге шашпауы үшін, басқадан жылулық іздемеуі үшін ананың рөлі маңызды. Басыңызға бір жағдай түскенде, ең бірінші анаңызға ұялмай айта алатындай болу керек. Ал аналар тыңдай алуы керек. Қанша жерден қызыңыздың ісі қате болса да, оны ешбір қысылмай айтуына көмектесіңіз.

Анаңызды құрбы ретінде тартыңыз. Оның қасында өзіңізді еркін, ашық ұстап үйреніңіз. Өз жарыңызды тапқанша, анаңыздың жылы сөзін естіп, қолдауын көруді әдетке айналдырыңыз. Түсінісуге тырысыңыз. Бұл мәселенің басын жеңілдетеді. Кейін тұрмыс құрған кезде, сізге жарыңыздың анасымен сөйлесу жеңіл болады. Ол кісімен еркін, ашық әңгіме айту. Қалаған уақытыңда ойыңды білдіру, сырыңды айту, кеңес сұрау оңайырақ болады.

Өміріміздегі мән бермейтін кішкентай бөлік болса да, болашақтағы дұрыс әрекет жасауымызға көп септігін тигізеді. Анаңыз тартылмаса, өзіңіз тартыңыз. Өзіңіз сырласып үйретіңіз. Бұның қаншалықты маңызды екенін, уақыт өте ұғынасыз.

**Нұрайлым ҚҰБАЕВА,**  
Филология факультетінің түлегі

## «ҚАҺАРДЫ» ОҚЫП ТОЛҒАНДЫМ

...«Дана шешім, — деді Ақмола бекінісін қалай алмақ болғанын айтқан Кенесарының ойларына таң қалған Жүсіп, — әліпті таяқ деп білмейтін қазақ... қандай ақылды айла тауып отыр. Заты сұлтан болса да, халық өзінің көсемін дұрыс тапқан екен». Бұл Кенесарының хатшысы болып қызмет атқаратын Иосиф Гербурттің ойы болатын. Оны бес жүзге таяу жасағы, зеңбірек, карабин, іштесер қаруы бар, биіктігі бес сажын қорғанды, жан-жағын қоршай қазған терең орлы бекіністі Кенесарының қалай алмақ болғандағы амалы таңғалдырады. Шынымен де, бұл қазақ батырларының бойындағы тапқырлықтың, терең сұңғылалық қасиеттің бір көрінісі еді. Негізінде мұндай әдіс өз бастауын тарихтың терең қойнауынан, ұлттық кодтан алатыны сөзсіз. Шайқас тактикасы ертеректен елде кең таралған көкпар ойынын негізге ала отырып, көшпенділердің, көне сақтардың, беріректегі қыпшақтар мен моңғолдардың қамал алу тәсілімен ұштасып жатыр. Әскери өнердің ұтқырлығын паш ететін жоспардың арқасында Кене хан Ақмола бекінісін бір күнде алады. Ал бекіністі алу айла-әдісінің сыры мынада: қалың қол үзеңгілесе ат қоймай, дорбадан шашып жіберген бұршақ секілді, әр салт аттының аралары он-он бес құлаштай тым-тырақай жөнеледі. Сайысқа еті үйренген қазақ жігіттерінің бірі кейін шапса, бірі алға ұмтылып садақты жетер жерден атып, оқты қарша боратады. Осындай әрекеттердің астарында өздерін зеңбірек оғының нысанасына байламай, бекініс ішіндегі ағаш үйлерге өрт салу мақсаты бұғып жатыр. Бұл жоспардың тағы бір кереметі — жау әскерлеріне қол бастаған батырлардың жекелеп нысанаға алуына жол бермеуінде. Төгілген тарыдай жер қайысқан жанның қайсысы басшы, қайсысының қосшы екенін ажырату қиын болуы үшін бәрі бірдей киінген, әр топ өз батырын тек өздері ғана біледі. Бұл бұрын-соңды ешкім көрмеген соғыс тактикасы болатын. Қазақтарды зеңбіректің аузына байлап атып үйренген жауға мұндай тәсіл оғаш, таңсық, жағымсыз жайт болған-ды. Қарсыластарын қатты састырған әскери тактиканың арқасында Кенесарының

батырлары қамалдың қақпасын оңай бұзып, әп-сәтте бекіністі жайпап өткен-ді.

Кене хан бойындағы тағы бір теңдессіз қасиет өз адамдарына, батырларына, халқына деген қамқорлық пен жанашырлығы еді. Бұған Жанайдар батырын өлімнен алып қалам деп барған әрекеттерін басты дәлел ретінде келтіруге болады. «Өлім аузында жатқан батырын ажалдан қалай құтқарамын деп, түні бойы шақыртпаған бақсы-балгері қалмады. Үшкіру, ұшықтау, ісіктен қан жіберу секілді қазақтың барлық амалын қолданып олардан пайда тимеген соң Абылайхан атасы шығарған «ақ жол» емін қолданады». Сонымен қоса Ақмола бекінісіне шабуыл кезінде қол бастаған қайсар Басықара батырды жау қолында қалдырмай алып шығады.

Мына бір үзіндіден Кенесарының өз-өзіне берген антына, елжандылығына тәнті боламыз. «Бір шешімге келген Кенесары кенет тізесін бүгіп, беліндегі Исфаған шебері соққан наркескенін суырып алып, қылшылдаған суық жүзінен сүйді.

— Анадан қорқақ болып тумап едім, — деді кенет даусы дірілдеп кетіп. — Арманым жеткенше қорқақтық білдірсем, өз қанымды өзім ішейін, осы сертіме, түсі суық наркескен, сен куә бол!» Бір жағы, патша өкіметінің озбыр саясаты, бір жағы, Қоқан-Хиуа билеушілерінің өктемдігі мен ынсапсыздығы қазақ халқын тығырыққа тіреп, қалың қапасақ салған болатын. Бұған қазақты Ресей патшасына беріп, сатылып, ел намысын аяқасты қылған болыс-сұлтандарының алауыздығы мен ашкөздігі қосылады. Кешегі Абылай бабасының көреген саясатын, асыл қасиетін бойына сіңірген Кенесары Қасымұлы осы тығырықтан шығып, елді қайтадан бір тудың астына жинауды мақсат еткен болатын. Кенесары хан өзіне берген сертіне жете алды ма, жоқ па? Бұған көз жеткізгіңіз келсе, қазақ романтикасының жауһары, қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алған шоқтығы биік туынды — Илияс Есенберлиннің «Қаһар» романын оқыңыз.

Кенесары орыс губернаторларының алдында қанқұйлы

бүлікшіл сұлтан, өз еліне бостандықтарын алып берем деп сендіріп, тонаушылдық әрекеттерін бүркей білген бүлікшіл төре, қарақшы ретінде көрінеді. Әсіресе, Батыс Сібір генерал-губернаторы жазған хаттары бұл сөзге айқын дәлел. Солардың бірінде «Қасым төре қарақшылары Ресейге бағынды деп құр алдап жүр, ал дұрысында, патшаға қарсы әрекетін күшейтуде», — деп жазылған.

Ал өз халқы, қол астындағы жауынгерлері үшін Кенесары хан — қазақ елін, ұлы көшті артынан бастап бара жатқан ұлы көшбасшы, еркіндік пен елдік үшін жан қиюға әзір күрескер тұлға. Жан-жақтан жау қоршауында қалған осынау қазақ елінің басын біріктіріп, Абылайдың ақ туының астына жинаған хан Кене жанындағы адамдарына — жан-жағын тасқын қаптаған жалғыз бәйтерек, мәуелі ағаш сынды болады. Осынау қазақ халқының басына төнген қара бұлттан аман сақтап қалар қорғаушы ретінде көрінгені хақ.

«Қаһар» романында «Досына — адал, дұшпанға — қатал» ұлт көсемінің тұлғалық бейнесі толықтай ашылады. Осы романды оқи отырып, қазақ жеріндегі алмағайып заманнан келе жатқан әдет-ғұрыптарға, сол кездегі адамдардың бойындағы ерекше бір рухтылыққа тәнті болдым. Дегенмен де, тарихи туындыда тек Кенесары бейнесі мен қазақ жері ғана суреттеліп қоймайды. Бұл роман толықтай қазақ қоғамында болған мәселелерді бір Кенесары бастаған көтерілісімен көрсетіп ашып береді. Бақ таластығы, билік құмарлық, егес, кек, сатқындық пен адалдық, елге, жерге деген махаббат сезімдері шығармада кеңінен сөз етіледі.

Ресей үкіметінің отаршылдығына қарсы Абылай ханның ең кіші ұлы Қасым сұлтан өзінің балаларымен қарсы күрес жүргізеді. Тарихтың тарам-тарам жолында өшпестей із қалдырған Кенесарының күрес-жорықтары кейінгі ұрпақты тәуелсіздікке талпындырды. Бұл күрес тарих парақтарында ғана қалып қоймай қазақ жастарымен, рухты қазақ азаматтарының бойына өшпестей жалын-ұшқын қалдырды. Ресей империясының өктемдігіне қарсы бұл іс-әрекеттердің ізі XIX ғасыр ұлт-азаттық көтерілістері мен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына ұласқаны мәлім. Осындай тоқтаусыз күрестердің нәтижесінде ғана қазақ елі тәуелсіз мемлекет болды. Ендігі міндет — ата-бабаның қанымен келген өз Тәуелсіздігімізді қастерлеп, мәңгілікке сақтап қалу.

**Айсезім АДІЛХАНОВНА,**  
ИР-21 тобының студенті

# СПОРТТЫҚ ТУРНИР ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Бірегей тұлға, ғұмырында адалдықты ту еткен ардақты азамат, есімі жүректерде сақталған Исатаев Мейрам Исатайұлын еске алуға арналған шағын футболдан облыстық турнир өтті. Турнирдің мақсаты – университетіміздегі Мәдениет және өнер факультетінің деканы қызметін атқарған Мейрам Исатайұлының елге қызмет ету жолындағы еңбекқорлығын, азаматтық мінезін, білімге, ғылымға, шығармашылық пен спортқа деген жан-жақтылығын студент жастар мен жас мамандарға үлгі ету.



Тартысты өткен турнир қорытындысы бойынша I орынды “Мәдениет Орал” командасы иеленсе, II орынды “Студенттік өзін-өзі басқару” командасы еншіледі. Ал, “Жастар рухы” командасы үздік үштікті түйіндеді. Сондай-ақ, Қайыров Ғасырхан (“Жастар рухы” құрамасы) - “Үздік сұрмерген”, Жәнібек Нұрсұлтан (“Студенттік өзін-өзі басқару” командасы) - “Үздік қақпашы”, Ғарифолла Жәніс (“Мәдениет Орал” командасы) - “Үздік шабуылшы”, Үмбеталиев Досжан (“Ұзынкөл” құрамасы) - “Үздік қорғаушы” атанды. Арнайы аталым иегерлері дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.



## ӨНЕРМЕН ӨРГЕ ЖҮЗГЕНДЕР

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында ҚР ЖОО студенттері арасында Республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсы өткізілген болатын. Ғылыми еңбек пен ізденістің нәтижесінде студенттеріміз жетістікке жетіп, марапатқа ие болды.

«Дәстүрлі музыкалық өнер» Білім беру бағдарламасы бойынша «Құрманғазы күйлеріндегі музыкалық форманың қалыптасу принциптері» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы үшін Хатауқызы Айгерім I дәрежелі дипломмен марапатталса (жетекшісі: Л.Ж.Каженова), B028 «Хореография» Білім беру бағдарламасы бойынша Джулкатова Назерке («Анвара Садыкованың қазақ неохореографиясы») II дәрежелі (жетекшісі: аға оқытушы, магистр А.И.Кенжетәева), Демесинова Диана («Развитие казахского танца: опыт и современность») III дәрежелі дипломдармен марапатталды (жетекшісі: аға оқытушы, магистр А.И.Кенжетәева).

Жаңашылдыққа бастайтын және тың серпілістерге жетелейтін студенттерімізді жетістіктерімен құттықтаймыз.



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

### МЕНШІК ИЕСІ:

**М.Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан  
университеті.**

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылмаларын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №KZ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс №153

**РЕДАКТОР:** Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

**ТІЛШІЛЕР:**

Дильназ АМАНЖАНОВА, Ақерке АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ, Ақторғын ЖАСҚАЙРАТҚЫЗЫ, Зада БАҚТЫҒАЛИ, Айсеміз АДІЛХАНОВА, Диана ХАСАН

**БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:**

Асель АБДУЛЛИНА

**ФОТОСУРЕТ:**

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.  
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.  
тел.: 50-51-48, 51-41-99